# ЗАҢ газеті

zangazet@mail.ru
№55 (3783)
25 шілде 2025
ZANMEDIA.KZ
Қоғамдық-саяси, құқықтық газет


БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

## СОТТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК, ТҰРМЫСТЫҚ АХУАЛЫ НАЗАРДАН ТЫС ҚАЛМАУЫ КЕРЕК



**Судьялардың кәсіби қызметі – бұл қоғамдағы заңдылық пен тәртіпті сақтаудың, әділдікті қамтамасыз етудің маңызды құралы. Олардың жұмысының сапасы мен тиімділігі құқықтық жүйенің негізін қалаушы элемент. Алайда, соңғы жылдары судьялардың әлеуметтік жағдайлары мен кәсіби қызметтеріне қатысты мәселелер назардан тыс қалуда. Бұл өз кезегінде судьялардың әлеуметтік жағдайының төмендеуіне алып келеді.**

*(Жалғасы 3-бетте)*

СҰХБАТ

**Қайыржан СЕРІКБАЙҰЛЫ,**
Алматы облысы Іле ауданының әкімі:

## «БАСТЫ МАҚСАТ – АУДАННЫҢ ӘЛЕУЕТІН КӨТЕРУ»

**– Қайыржан Серікбайұлы, сіз Іле ауданының әкімі болып тағайындалғалы жеті ай өтті. Өнеркәсібі пен өнері қатар дамыған ауданның қоғамдық-саяси, әлеуметтік ахуалын толық саралап, күретамырын дөп баса алдыңыз ба?**

– Әкімдік лауазымындағы алғашқы күнімнен бастап ауданның әр саласына терең бойлап, негізгі мәселелер мен болашақ даму бағыттарын айқындауға күш салдым. Барлық елді мекендерді аралап, тұрғындармен кездесулер өткізу арқылы олардың қажеттіліктері мен ұсыныстарын тыңдап, нақты жобаларды іске асыруды бастадық. Әлеуметтік сала, инфрақұрылым, кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы – басты басымдықтарымыз. Бүгінде ауданның экономикалық және әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатында бірқатар ауқымды жобалар жүзеге асырылуда, олардың алғашқы нәтижелері де көріне бастады.

**– Қазіргі уақытта ауданды қандай өзгерістер күтіп тұр?**

– Іле ауданы – Алматы облысының іргелі аудандарының бірі. Соңғы жылдары мұнда әлеуметтік инфрақұрылымның дамуы, жаңа өндірістердің іске қосылуы, ауыл шаруашылығы мен туризмнің өркендеуі басты басымдыққа айналды. Мысалы, 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында аяқталған инвестициялық жобалар: «LC WAIKIKI» 150 жұмыс орнымен қамтылған сауда логистикалық орталық салу жұмыстары, жалпы инвестиция соммасы 30 млрд теңге, (2025 жылға 10 млрд көзделген) жыл басында LC Waikiki қоймасын салу жұмыстарында инженерлік инфрақұрылым жүргізу үстінде көршілес жер телімі иесімен мәселе туындады. Бүгінгі таңда жергілікті атқарушы органдардың қатысуымен аталған мәселе жойылып, LC Waikiki қоймасы қолданыс актісін алып жұмысын жалғастыруда. «VOLVO GROUP KAZAKHSTAN» ЖШС сервистік орталық, инвестиция соммасы 3,5 млрд теңге (2024 г. – 3,1 млрд тг, 2025 ж. – 0,4 млрд тг) 2025 жылдың наурыз айында құрылыс монтаждау жұмыстары аяқталды.

*(Жалғасы 5-бетте)*

КӨКЖИЕК

## ЖАС ҒАЛЫМДАРҒА ЖАҢА МҮМКІНДІК КӨП

**Соңғы жылдары елімізде ғылымды қолдауға бағытталған нақты қадамдар жасалып жатыр. Бұл Қазақстанның интеллектуалдық әлеуетін арттырумен қатар, мемлекеттің ұзақмерзімді стратегиялық мүдделеріне де жауап беретін маңызды бағыт.**

Ғылымға инвестиция ел болашағына салынған инвестиция екенін мемлекет басшысы да бірнеше рет атап өтті. Осы орайда отандық ғалымдарды қолдау, ғылыми жетістіктерді қоғамда кеңінен насихаттау және жас зерттеушілерге жол ашу – бүгінгі күннің өзекті міндеттерінің бірі.

2021 жылдан бастап ғылымды қаржыландыру көлемі едәуір артты. Мемлекеттік ғылыми гранттар саны өсті, іргелі және қолданбалы зерттеулерге арналған арнайы бағдарламалар қабылданды. Ғылым және жоғары білім министрлігінің дерегінше, 2023 жылы 3 мыңнан астам ғалым түрлі гранттық жобалар бойынша қолдауға ие болған.

Соның бірі биотехнология саласындағы зерттеулерімен танылған жас ғалым Назерке Тұрсын. Ол ауыл шаруашылығына бейімделген биологиялық тыңайтқыш түрін жасап шығарып, бұл жобасы ғылыми грант иеленген. Қазір зерттеудің нәтижелері Қарағанды, Жамбыл өңірлерінде сынақтан өтуде. Бұл – қолдаудың нәтижесі ретінде атап өтуге тұрарлық мысал.

«Жас ғалым» жобасы арқылы 40 жасқа дейінгі зерттеушілерге арнайы гранттар бөлініп келеді. Бұл – еліміздегі ғылыми ортаның жасаруына ықпал етіп жатқан маңызды қадам. Бұған қоса, өңірлік университеттер жанынан ашылып жатқан зерттеу орталықтары жас ғалымдарға өз аймағында-ақ ғылыммен айналысуға мүмкіндік беріп отыр.

Солтүстік Қазақстан университетіндегі «Агробиотехнология» орталығы соның айғағы. Ондағы жас зерттеушілер топырақ құнарын арттыру мен тұқым өнімділігін зерттеу бағытында жұмыс істеп жатыр. Бұл орталық жергілікті әкімдік пен Ғылым комитетінің бірлескен қолдауымен ашылған. Ғылым қанша маңызды болса да, ол қоғаммен байланыста болмаса, нәтижесі шектеулі болады. Осы тұрғыда отандық бұқаралық ақпарат құралдарында ғылыми жетістіктер мен жобалар жайлы ақпарат жиі жарияланып келеді. Ғалымдардың қатысуымен өтетін конференциялар, дөңгелек үстелдер мен ғылыми форумдар – бұл саланы насихаттаудың тиімді тетіктері.

Биыл мамыр айында өткен «Science EXPO–2025» форумында 100-ден астам ғылыми жоба таныстырылды. Олардың қатарында құқық қорғау, экология, медицина, энергетика және цифрлық технология саласындағы бастамалар бар. Бұл ғылым тек зертханамен шектелмейтінін көрсетеді.

Елімізде ғылымды дамытуға бағытталған саясат бар, ол кезең-кезеңімен жүзеге асып келеді. Қаржыландырудың артуы, жас ғалымдарды қолдаудың күшеюі, ғылыми жобаларды таныстыру алаңдарының пайда болуы оң үрдістер.

**С.АСҚАР**

5-бет



**Тасқынға қарсы 19 бөгет салынды**

6-бет



**Қару мен қауіпсіздік: бейбіт өмірді оқсыз қорғау**

8-бет



**Шахизаданың құпиясы**

СОТ СӨЙЛЕСІН

**«Судья – бұл сөйлейтін заң, ал заң – мылқау судья» деген екен данышпан Марк Цицерон. Дәл осы нақыл сөз судьяның қоғамдағы орны мен мәртебесін айқындап тұр. Судьяны заңмен теңестіру – бұл лауазымды мемлекеттегі құқықтық қағида, биік талап, бірегей тәртіптің деңгейіне қоюмен бірдей. Шын мәнінде, сот пен судьяға деген сенім жоғары болған қоғамда әділеттілік пен тұрақтылық, даму мен өркендеу орын алады.**

# СУДЬЯ – СӨЙЛЕЙТІН ЗАҢ

Судьяның білімі мен білігі, мәртебесі мен тәуелсіздігі – сот әділдігінің басты кепілі. Соған орай судьялықтан үміткерлерге қойылатын талаптың жылдан-жылға күшейтілгеніне бәріміз куәміз. Бүгінде тек білімі мен білігін көрсеткен, қабілетінің жоғарылығын, әдебінің артықшылығын мойындатқан үміткерлер ғана сот құрамына таңдалады. Ал осы судьялардың ар мен заңды басшылыққа ала отырып, алаңсыз қызмет етуіне барлық жағдай жасалған. Мұны еліміздің бас құжаты – Конституциядан байқауға болады.

Ата Заңның VII бөлімі «Соттар мен сот төрелігіне» арналып, 75-тен 82-бапқа дейінгі сегіз бап Қазақстандағы соттың құрылымына, жұмыс тәртібіне, негізгі міндеті мен басты басымдықтарына арналған. Бас құжаттың 75-бабының 1-бөлімінде: «Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады» деп жазылса, 77-баптың 1-бөлімінде: «Судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және Конституция мен заңға ғана бағынады» деп нақтыланып, «Сот төрелігін іске асыру жөніндегі соттың қызметіне қандай да болсын араласуға жол берілмейді және ол заң бойынша жауапкершілікке әкеп соғады. Нақты істер бойынша судьялар есеп бермейді» деп дәйектелген. Яғни, судьялардың тәуелсіздігі мен мәртебесіне Қазақстан Конституциясында толық кепілдік берілген. Сондықтан, Ата Заңның бұл талаптарын сақтау, судьяны құрметтеу, жұмысына кедергі келтірмеу, тәуелсіздігіне нұқсан келтірмеу барша азаматтардың міндеті.

Әрбір судьяның басты құқықтық әліппесіне айналған «Сот жүйесі және судьялар мәртебесі» туралы конституциялық заңда да қазылардың кедергісіз қызмет етуіне негіз қаланған. Соған сүйене отырып судьялар кез келген орган, лауазымды тұлға немесе сыртқы ықпалдан тәуелсіз болады. Шешім шығару кезінде тек Конституцияға және заңдарға ғана сүйенеді. Сонымен бірге, судьяны қорқыту, қысым жасау немесе ықпал ету әрекеттеріне де заңмен тыйым салынғанын ұмытпауымыз керек.

Қоғамның құқықтық тұрғыдан дамуы мен азаматтар құқығының қорғалуы сот жүйесінің әділдігіне ықпал етеді. Ал әділ соттың басты шарты – судья тәуелсіздігімен тамырлас. Судья қандай да бір саяси, әкімшілік немесе жеке қысымнан тыс, бейтарап әрі заңды шешім қабылдағанда ғана әділ сот төрелігі жүзеге асады.

Осыған орай, Қазақстанда судьялардың тәуелсіздігіне кепілдік беру, оларды қорғау және сот жүйесінің беделін көтеру – құқықтық мемлекет құру жолындағы маңызды міндеттің бірі.

Судьяның тәуелсіздігі – бұл сот билігінің негізі ғана емес, елдегі демократиялық қағидаттың тірегі. Әділеттілік, заңдылық және бейтарап тек тәуелсіз сотпен негізінде жүзеге асады. Сондықтан, әрбір азамат сот отырысында судьяға құрметпен қарап, ортақ тәртіпке бағыну арқылы елдегі тура төреліктің нығаюына үлес қосатынын қаперінде ұстағаны дұрыс.

**К.ЕСПЕНБЕТОВА,**
**Қызылорда қаласы**
**№2 сотының судьясы**

БОРЫШ

# АЛИМЕНТТЕН ЖАЛТАРУ – АДАМДЫҚ КЕЛБЕТІҢЕ СЫН

**Баланы кәмелет жасқа толғанша материалдық жақтан қамтамасыз ету әрбір ата-ананың етене міндеті. Ата-анасы ажырасып, екі жаққа кеткен күннің өзінде, балалар материалдық қолдаусыз қалмауы керек. Осы мақсатта ата-аналар үшін алименттік жауапкершіліктің бекітілетіні белгілі.**

Алайда, алименттің көлемі қаншалықты жоғары болып, қаржы уақытылы төленіп тұрса да, ол әке мен ананың орнын алмастыра алмайды. Өкінішке қарай, алименттік жауапкершіліктан жалтарып жүрген ата-аналар қоғамда жеткілікті. Осындай өз ұл-қызының болашағына немкетті қарайтын жандардың кесірінен еліміздегі алименттік берешек те жыл сайын артуда.



**Дарья АЛЕКСЕЕНКО,**
**Іле ауданының жеке сот орындаушысы**

«Неке және отбасы туралы» кодексте алиментке байланысты құқықтық мәселелер толық шешімін тапқан. Біздің елімізде алимент сот шешімімен және нотариалды келісім арқылы тағайындалады. Нотариалдық келісім екі тараптың өзара қалауымен жасалатындықтан, ондағы алименттік жауапкершілік дер кезінде орындалады. Ал сот шешімі шығып, атқару құжаты қолына тигеннен кейін балаларына тиесілі алиментті ала алмай сандалатын аналар аз емес. Сот шешімі шыққанның өзінде кейбір әкелер тұрғылықты орнын жиі өзгертіп, нақты табысын жасырып, сот актілерінің орындалуына қолдан кедергі келтіреді. Алименттен жалтару – адамдық келбетіне сын екенін көпшілігі түсінбейді.

Алимент бойынша берешекті уақытылы орындату үшін біріншіден талап арызды дұрыс рәсімдеу керек. Екіншіден, орындау парағын сот орындаушыға уақытында тапсыру маңызды. Үшіншіден, алимент мөлшерін табыс пен мүлікке сай белгілеген дұрыс.

Сот орындаушылар алимент бойынша берешекті өндіруді бірінші орынға қояды. Өйткені, оның артында бала тағдыры тұр. Соған орай берешегі қордаланған борышкерлердің банктік шоттарына тыйым салынып, шетелге шығуына шектеу қойылады. Бұдан да нәтиже шықпаған жағдайда мүлкін тәркілеу, қылмыстық жауапкершілікке тарту тетіктері қолданылады.

Бүгінгі күннің басты әлеуметтік мәселесіне айналған алимент өндіру ісіне қоғам да бейжай қарамаса деймiз.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

ПӘРМЕН

# ТӘРТІПКЕ БАҒЫНУ ШЕТЕЛДІКТЕРДІҢ ДЕ МІНДЕТІ

**Шетелдерге саяхат жасау, әлемнің кереметтерін көру – барша адамзаттың арманы. Шекара асып, өзге елдердің мәдениетімен танысу, өзіндік ерекшеліктерін байқау, салт-санасына, тыныс-тіршілігіне үңілу – танымыңды арттырып, біліміңді кеңейтеді. Осындай сапарларға шыққанда өзіміз таңдаған елдің тарихын түгендеп қоймай, заңдарын да сүзгіден өткізетініміз рас. Өйткені, «Әр елдің заңы басқа». Қазақстанда құпталған қадамдардың өзге елде құқықбұзушылық ретінде бағалануы әбден мүмкін. Мұндай талапты біздің елімізге келген шетелдіктер де назарында ұстағаны дұрыс.**

Заң – мемлекеттегі барша халыққа ортақ. Сондықтан ортақ тәртіпке бағыну, негізгі талаптарды сақтау – бәріміздің міндетіміз. Сол сияқты, шетелдіктер де Қазақстан территориясына келген соң, біздің мемлекетіміздің заңдарына бағынуы, ондағы ережелерді қатаң орындауы міндет.

Алайда, сот тәжірибесі көрсетіп отырғандай Қазақстан заңдарын бұзатын шетелдіктер де аз емес. Олардың көпшілігі шекарадан өткеннен кейін ресми тіркелмейді, елге келу мақсатын өзгертіп, заңсыз жұмыс істейді. Тіпті арасында шектен шығып, қылмыс жасайтындары да кездеседі. Ал заңды бұзған шетелдіктер жасаған әрекетіне қарай әкімшілік, қылмыстық жауаптылыққа тартылады.

Айталық шетелдіктердің Қазақстан Республикасының заңын бұзғаны үшін әкімшілік жауаптылығы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске сай реттеледі. Соның ішінде осы кодекстің 517-бабында көші-қон заңнамасын бұзған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың жазасы айқындалған. Мәселен, елде тіркеусіз жүрген немесе тіркеу мерзімі асып кеткен шетелдік азаматтарға ескерту жасалып, 10 АЕК көлемінде айыппұл салынады. Осындай жауаптылықтың белгіленгеніне қарамастан, бір жыл ішінде елімізде заңды түрде тіркелмеген, не тіркеу мерзімін өткізіп алған шетелдіктер Қазақстан территориясынан шығарылады.

Қазақстанға жұмыс істеп, нәпақа табу үшін келетін шетелдіктер қатары да қалың. Өкінішке қарай, олардың да арасында жұмыс істеу ережесін бұзатындар бар. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 518-бабына сай Қазақстанда рұқсатсыз жұмыс істегендерге айыппұл салынып, елден шығарылуы мүмкін. Ал шетелдіктерді заңсыз жұмысқа тартқан қазақстандық жұмыс берушілер де назардан тыс қалмайды. Жұмыс берушінің шетелдік жұмыс күшін жергілікті атқарушы органның рұқсатынсыз тартқаны анықталса және азаматтығы жоқ адамдардың еңбегін пайдаланғаны расталса, жеке тұлғаларға – отыз, лауазымды адамдарға – елу, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – бір жүз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – екі жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жеті жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады.

Қоғамдық тәртіпті бұзған, мас күйінде, ұсақ бұзақылық жасаған шетелдіктерге Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 449-бабына сай айыппұл, қамауға алу немесе депортация түріндегі жауаптылық белгіленеді. Сондықтан, елімізге келген шетелдіктерге осы заң нормаларын таныстырып, түсіндіру маңызды.

**Майкүл МАМУТОВА,**
**Талдықорған әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі сотының судьясы**
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

ТАҒЫЛЫМ

# ШОҚАН МЕН АБАЙҒА ДЕЙІНГІ СОТ ҒЫЛЫМЫ

**Алматыда 2008 жылдың мамыр айының 22-23 күндерінде өткен «Қазақ билер соты – бірегей сот жүйесі» халықаралық ғылыми конференциясында күтпеген жерден ғалымдар ортасында екі өрттей айқасқан ақыл айтысы дүр ете қалды. Ғалым Г.Югай конференцияның қорытынды бөлігіне: «Қазақ билер соты ерте орта ғасырда жоқ жерден пайда болған жоқ қой. Ол бұған дейінгі теңіз өркениетінің жалғасы болуы ықтимал» деген пікірді енгізуді ұсынған еді, алайда академик С. Зиманов келіспеді.**

Ғалымдардың пікірталасынан кейін біз де жоғалған, ұмытылған делінетін сот ғылымын жоқтап, ізденіс жолына түстік. Ертедегі индогермандық эпостарды ерінбей оқып жүргенде арғы қазақ пен көк теңіз еліндегі сот институттарының бір құрсақтан шыққан егіздердей ұқсастығына жолығып таң болдық.

Ғалым Шоқан Уәлиханов 1864 жылғы «Сот реформасы» жазбасында қазақ эпосының осы тақылеттес шығыс шығармаларынан гөрі, индогермандық эпостарға жақын, тегі бір екендігін біліп айтып, ғылыми тұрғыдан дұрыс бағалап, ортаға орынды ой тастаған. Шоқан еңбегінен махаббат, әділет, сезіммен динамикалық біртұтастыққа ұмтылған екі мәдениеттің негізі сот ғылымы екенін анық аңғарасыз.

Екі елдің ғылыми сот шежіресі де пішін-тұлғалары ұқсас көне руна таңбасымен жазылып шыққан. Руна сөзінің көпшілік мойындаған, қазіргі ғылыми орта таныған мән-мағынасы – «құпия», «сыбыр». Қазақта рунаға тұлғалас, мұңдас, мәндес ескі сөзден хабар берер термин бар «ұрын» атты. «Ұрын» – күйеу жігіттің жеңгелеріне сый-сияпат алып, айттырған қыздың ауылына жасырын келуі. Күйеудің жасырын жүрісін аңдып, тың тыңдаған құлаққа ұрын сыбырын жетізетін құрал – адам баласының айтқандай қылып білдіретұғын құдіреті бар ғалами ғылымның жұмбақ тіліне, құпия сырына құмарлығы. Құпия білімге құмар қанғанда бір жасап қалатын адамзат сөзден сөз тудырып, істен іс жарата жүре жылдан жылға жетіліп, көзі ашылып, білімі көбейткен сайын әуел бастағы ізденісінің негізгі нұсқа нормаларын ұмытты. Ұмытты, ұмытылды десек те, жаралып, жасалып қойған бар нәрсе әсте жоғалмайтыны белгілі, ол бір күйден екінші күйге ауысып, бір елден екінші елге көшіп-қонып жүріп адамзаттың жазу-сызуында сақталып, оқырманын күтіп қала береді. Соның бір үлгісі көне исланд жазбасындағы герман тілінде сөйлейтін халықтардың әдеби ескерткіші болып саналатын скандинавтық «Старшая Эдда» эпосында көрініс береді.

Эпостағы деректер алғаш 850 жылы ашылған Исландия аралына ағылған еркін адамдар қауымында үйреншікті мемлекет құрылымы болмағанын әйгілейді. Аралдық еркін азаматтар мемлекет пайда болғанға дейінгі қоғамдық институттарды пайдалануды жөн деп тауыпты. Бір институтының атауы «тинг» екен де, екіншісі – «годорд», годиарлардың қауымын басқаратын жырау тингта төрағалық еткен. Исландиядағы «Тинг» атауы көне неміс тіліндегі «thing» сөзінен шыққан, мағынасы халықтық жиын, кеңес, ашық сот процесі, іс. Жергілікті тингтар «көктем тингтары» деп аталып кетуінің себебі – олар көктемде жазғы альтингке дейін өткізіліп отырған.

Альтинг (alþing ) 930 жылы ұйымдастырылып 1264 жылға дейін қызмет қылған байырғы азат Исландияның бүкіл халықтық жиналысы. Альтингте үш жылға сайланған сот кеңесінің төрағасы «Заң жартасы» деп аталатын биік жерге шығып заң нормаларын, сот шешімдерін, үкімдерін жариялап отырған. Альтингтің Заң жартасына шығуға құқығы бар мұқым исландық үлкен құрметті кісісінің бейнесі қазақтың Төбе басы биіне ұқсас. 1885 жылы Шар бойында қабылданған ережеде де әр уездің Төбе басы биін құрметті қазақтардан сайлау тәртібі бекітілген. Альтингтің жиыны маусым айының 18 мен 24 күні аралығында көк майса кең жайлауда, табиғат аясында өтіп, екі аптаға созылыпты. Бізге туыс, бауырлас Якут – Саха халқының «Ысыах» мейрамы да маусымның 21- 26 күндері өтсе, біз 24 маусым күнінде судья және сот қызметкері күнін атап өтеміз.

Әз Тәуке ханның «Жеті Жарғысы» қабылданған Күлтөбенің басындағы күнде кеңестің болған уақыты да осы маусым айының ортасы. Ескі сөздегі «Төбе» мен Манас эпосындағы «Төбей» бейнесі адами ғылымның түп атасы – ғалами, толық ғылым. Бір бойына заң шығарушылық және сот төрелігін сыдырған Alþing құрылымының «al» түбірі «толық» деген ұғым береді. Ескі исланд тіліндегі «ala» етістігінің «асырау, өсу, өну» деген мағынасы барлығын ескерсек, Alþing – «толымды адамдар жиыны» деген анықтама шықпақ.

Абай да билікке қатысты «әр болыс елден толымды, білімді үш-ақ кісі жыл кесілмей сайланса» дегенде ілкідегі таза мұсылман, толық адам қағидасына сүйенген. Жергілікті тингке 12 жасынан қатысуға құқығы бар жеке тұлға (үш шарбақты, үш кентті ноғайлы елінің Ер Сайын батыры 12 жасынан жауға шапқан дейді қазақ жыры) қоғамға пайдалы, жақсы істе басқа шауып, төске өрлесе, білім, ғылымда басқаға дес бермесе Alþing құрамына ену һақысына қол жеткізген.

Абай да қазақтың сөз өнерінде білім, ғылым жолын ұстану қажеттілігін заң нормасына дейін көтерген: «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы, Қиыннан қиыстырар ер данасы. Тілге жеңіл, жүрекке жеңіл тиіп, Теп-тегіс, жұмыр келсін айналасы. Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы, Ол – ақынның білімсіз бишарасы» деген. Әр сөзі заң нормасының ретке келтіруші күшіне тең Абайдың өз поэзиясы да скандинавтық эпостармен ғылыми тұрғыдан ұқсас, бір тектес. «Речи Высокого» жырындағы 51-нақыл нормасы айтады: «Жаман достардың бір-бірін жақын тұтуы, іш тартуы, бүйрек бұруы ісінің ыстық жалыны бес күн ғана лаулайды, бес күн өткен соң, оның оты сөніп, қызуы қайтады, достық бас-басқа кетіседі» (авторлық аударма). Осынау нақылға берілген ғылыми түсіндірмеде «бес күн» көне норвег заңдарында жиі қолданылатын мерзім делінген.

Абай заңында да сол бес күн
«Дәмі қайтпас, бұзылмас тәтті бар ма?
Бір бес күннің орны жоқ аптығарға.
Қай қызығы татиды құ өмірдің, Татуды араз, жақынды жат қыларға». Абай 13 жасынан сот билігінің ісінде шыңдалып өсіп, жетілген кезінде айтқан: «Өзім де басқа шауып, төске өрледім, қазаққа қара сөзге дес бермедім» деген сөзіндегі «қара сөз» – арыс. «Арыс» – сот ғылымының байырғы қазақ берген асыл, діңсіз таза ақыл атауы. Бас қосылса арысқа кім шабады намысқа? Әрине, Абайдай толымды, білімді, сот ғылымына жетік, заңға жүйрік, таза мұсылман, толық адам.

Сот – сын. Сот билігін сынайтын тез – ғылым. Сот ғылымының сүйегі – әділет, махаббат, сезім. Кімде осы үшеуі көбірек болса, сол кісі ғалым, сол ғақыл. Эпостағы сот ғылымын Абай «Интернатта оқып жүр» өлеңінде заман өзгерісіне сай байыта түседі: «...Қисық болса закон бар, Судьяға беруге. Ол да оязной емес қой, Алуға тендік сенуге. Я өз бетіменн тәуекел, Занимайся прямотой. Жеңіл көрме, бек керек. Оған да ғылым, оған да ой, Қалайынша қайда енуге».

Абай сот ғылымын өз жанынан шығарып отырған жоқ, ол тек қазақта байырғы 43 таңбадан тұратын түркі руналық жазбасымен жеткен таза, толық сот ғылымы барлығын тағы бір мәрте еске салуда. Шоқан мен Абай сілтеме жасаған, білімдінің тілін алмаған сот ғылымы қазақтың «Қобыланды батыр» жырында да бар. Құртқаның «алты жыл баққан Тайбурыл аттың күні толмай тұр, бабында 43 күндік кемдік бар, жорықта зор салмасын өзіңе» деп білімді тоқтауына қарамай жорыққа аттанған Қобыланды жау қамалына қашқан Тарлан атты қайтара алмай қалады. Білімдінің тілін алмаған, ақыл тежеуіне көнбеген, теріс іске беттеген батырдың өзі ұятқа қалғанынан бөлек, кінәсіз атын да жазықсыз жазаға тарқызады. Сот ғылымына жетік жыр авторы ұят сөгісін келесідей суреттеп жеткізеді: «Жетпедім деп Тарланға, астындағы бурыл ат басын жерге салады».

Алтын басымыздың төмен салғызбаймыз десек, сот ғылымынан сыр шерткен қазақ эпосын Сот академиясының оқу бағдарламасына енгізер күн туды. Айтпақшы, руна тілінде Қобыланды батыр жырындағы 43 күн келесідей оқылады: 4 – көк, жер, құдай, адам; 3 – мына көзге көрінген барша әлем жетуге ұмтылатын динамикалық біртұтастықтың белгісі. Төртеу түгел болса, төбедегі келеді!

**Марат АЗБАНБАЕВ**

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# СОТТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК, ТҰРМЫСТЫҚ АХУАЛЫ НАЗАРДАН ТЫС ҚАЛМАУЫ КЕРЕК

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

Сот процестерінің мәдениеті мен жүргізу тәртібі, ең алдымен, судьялар мен сот қызметкерлері үшін ең ыңғайлы, заманауи инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген ортада қалыптасады.

Жекелеген аймақтарда судьялар мен сот қызметкерлері күрделі жөндеуді талап ететін, тозығы жеткен ғимараттарда жұмыс істеуге мәжбүр. Қазіргі таңда сот жүйесіндегі осындай ғимараттар үлесі 20%-ды құрайды. Өкінішке орай, бұл ғимараттар қазіргі заманғы талаптарға сай келмей, судьялардың жұмыс өнімділігін төмендетіп қана қоймай, сот жүйесінің беделін де түсіруде. Егемендігімізге отыз жылдан асқан уақытта осындай жағдайдың орын алып отырғаны қынжылтатын жағдай! Мұндай жағдайларда сот жүйесінің жұмысын ұйымдастыру, процестердің сапасын арттыру, әділдікті қамтамасыз ету мүмкіндігі айтарлықтай шектеледі.

Сот жүйесінің тиімділігі мен оның қоғамдағы сенім деңгейі, ең алдымен, судьялардың жұмыс істеуіне қажетті барлық жағдайлармен қамтамасыз етілуіне тәуелді. Әрбір сот қызметкерінің өз міндеттерін адал әрі жоғары кәсіби деңгейде орындауы үшін оған қажетті жағдайлар жасалуы тиіс. Әрине, бүгінгі күнге дейін сот саласында көптеген жетістіктер мен өзгерістер жасалды, бірақ әлі де болса, бұл жүйені әрі қарай дамыту және жетілдіру қажеттігі өзекті болып қалуда. Сот ғимараттарының, техникалық құрал-жабдықтардың жаңартылуы, интернет байланысының тұрақты болуы, жұмыс орындарының қолайлылығы – бәрі де сот процестерінің тиімділігін арттыруда маңызды рөл атқарады. Тек осындай жағдайларда ғана сот жүйесінің сенімділігі мен әділдігі қамтамасыз етіліп, қоғамда заң үстемдігі нығая түседі.

Мәселен, сол аймақтардағы атқарушы билік органдарының ғимараттары заманауи жабдықтармен толық қамтылған және олардың жағдайы сот мекемелеріне қарағанда әлдеқайда жақсы. Мұндай мәселе облыстық және аудандық деңгейлердегі соттарда қарастырылмаған. Конституцияның 3-бабының 4-тармағында атап көрсетілгендей, Республикада мемлекеттік билік біртұтас, ол Конституция мен заңдар негізінде заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөлінуі, олардың тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы, өзара іс-қимыл жасау принципіне сәйкес жүзеге асырылады. Ал Конституцияның 80-бабына сәйкес Соттарды қаржыландыру республикалық бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі және ол сот төрелігін толық әрі тәуелсіз жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс делінген.

Осылайша, мемлекеттік биліктің үш тармағының арасында теңсіздіктің орын алуы Конституцияның негізіне қайшы келіп отырғанын көрсетеді.

Осы негізде тағы да тоқтала кететін жайт, кейбір жағдайларда атқарушы билік өкілдерін, яғни министрлер мен әр деңгейдегі әкімдерді, олардың орынбасарларын істі толыққанды, жан-жақты қарау үшін сотқа жауап алуға шақыру көп қиындықтар туғызады. Бұл жағдай қоғамда заң мен сот алдында теңдік қағидасының бұзылуына әкеліп отыр, яғни биліктің бір тармағының басқа тармақтардан үстемдігін көрсетіп, әділдік қағидасына күмән келтіреді. Конституцияның 14-бабында «Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең» деп нақты көрсетілген, алайда нақты өмірде бұл принциптің іске асуы кейде үлкен сұрақ туғызады.

Аталған баптың мағынасы өте терең және маңызды: мемлекеттің заңдары мен соттары алдында барлығының құқықтары мен міндеттері тең болуы міндетті, бұл – әділдік пен құқықтық мемлекет құрудың басты қағидаты.

Сот жүйесінің тәуелсіздігі мен тиімділігі – мемлекеттің барлық азаматтарының құқықтарын қорғаудың басты кепілі болуы тиіс.

Егер заң мен сот алдындағы теңдік сақталмаса, бұл құқықтық жүйеге деген сенімге нұқсан келтіреді. Қоғамда теңсіздік пен әділетсіздік сезімі пайда болады. Мұндағы теңсіздік құқықтық жүйенің маңыздылығына көлеңке түсіріп, сот жүйесінің дамуын тежейді. Сотқа деген халық сеніміне күмән келтіреді. Тіпті, Мәжіліс депутаты Мақсат Толықбай да өзінің жақында «Қасқа Жол» арнасына берген сұхбатында соттардың толыққанды тәуелсіздігіне қатысты күмәнін білдірді.

Сондықтан құқықтық мемлекет құру жолында сот жүйесінің беделі мен инфрақұрылымын жақсарту маңызды басымдықтардың бірі болуы қажет. Ол үшін:

1. Теңдік принципін сақтау: атқарушы билік пен сот органдарының беделі мен инфрақұрылымын тең деңгейде дамыту.

2. Қаржылық қолдау.

3. Сот ғимараттарын жаңарту: аймақтардағы барлық соттарды заманауи талаптарға сай салу және жабдықтау қажет.

Осындай шараларды іске асыру арқылы сот жүйесінің беделін арттырып қана қоймай, құқықтық қоғам құрудың маңызды қадамы жасалады. Судьяларға лайықты жағдай жасау – олардың жұмысына деген құрметтің белгісі және құқықтық жүйенің тиімділігіне салынған инвестиция. Яғни, олардың дербестігін қамтамасыз ету жолындағы іс-шара.


**Досжан ӘМІР,**
**ҚР Судьялар одағының төрағасы**

### СУДЬЯЛАРДЫ ТҰРҒЫН ҮЙМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МӘСЕЛЕСІ

Қазақстанда судьяларды әлеуметтік қолдаудың бір маңызды элементі ретінде тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесі заң деңгейінде қарастырылған. ҚР Конституциясының 80-бабы және одан туындайтын басқа да заңнамалық актілерде судьялардың тұрмыстық жағдайын жақсарту үшін арнайы кепілдіктер мен жеңілдіктер көзделген. Алайда, бұл мәселе бүгінгі таңда әлі де өзекті болып отыр, себебі судьялар арасында үйге мұқтаж адамдардың саны жыл санап артып келеді. Оның бір дәлелі ретінде аталған мәселені Жамбыл облысы кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы Думан Мәуленов көтерді *(№ 1 (282) қаңтар 2025 заңгер).*

ҚР Судьялар одағының Орталық Кеңесінің *(2024 жылдың 4 қазанында 9 съезде сайланған)* жаңа құрамы бірінші күннен бастап осы мәселені зерделеуде. Нәтижесінде анықталғандай соңғы үш жыл ішінде 554 судья тұрғын үйге мұқтаж ретінде тіркелген. Сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы Конституциялық заңында көрсетілген 6 ай мерзім ішінде тұрғын үймен қамтамасыз етілгендері бар болғаны 62 судья ғана (11%) екендігі анықталды. Оның ішінде ҚР Жоғарғы Сотының 8 судьясы да тұрғын үйді 6 ай мерзімінде алмаған. Тағы да статистикаға жүгінетін болсақ, бүгінгі таңда 361 судья (65,1 %) бірнеше жыл бойы тұрғын үйге мұқтаж ретінде есепте тұр. Бұл көрсеткіштер мәселенің толық шешілмегенін көрсетіп, судьялардың тәуелсіздігіне нұқсан келтіруде. Яғни, бұл Мемлекет басшысының атап өткеніндей, еліміздегі заңдардың үстемдік құрмауының салдары ретінде көрінеді. Судьялар мүддесі үшін қабылданған заңдар тиісті деңгейде орындалмай отыр.

Конституциялық заңның 51-бабына сәйкес, судья мен оның отбасы мүшелеріне қызметіне кірісken күнінен бастап алты ай ішінде, нақты жер жағдайына қарай, мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй берілуі тиіс. Алайда, жоғарыда атап өткендей заң нормаларының толық орындалмай, заңның үстемдік құрмауында кездесетін қиындықтар, судьялардың тұрғын үй мәселесін түбегейлі шешуге кедергі келтіруде.

Осыған байланысты, аталмыш мәселені шешудің тиімді жолдарын қарастыру қажет. Мысалы, құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне көрсетілетін тұрғын үй төлемдері сияқты механизмдер судьяларға да енгізілуі керек. Әрбір отбасы мүшесіне арналған тұрғын үй төлемдерін төлеу арқылы судьялардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға қол жеткізуге болады. Бұл шара судьялардың қызметіне деген ынтасын арттырып, олардың отбасыларының тұрмыс жағдайын жақсартуға ықпал етер еді.

Егер судьяларды үймен қамтамасыз ету мәселесі бірінші кезекте шешілмесе, олардың әлеуметтік мәртебесі төмендеп, қоғамның сотқа деген сенімі әлсіреуі мүмкін. Судьялардың қоғамдық және кәсіби беделі құқықтық мемлекет құру жолында маңызды рөл атқаратыны сөзсіз. Сондықтан да судьялар үшін сапалы, қолжетімді және олардың мәртебесіне лайықты тұрғын үймен қамтамасыз ету – бұл мемлекеттің заң үстемдігін қорғауға бағытталған стратегиялық қадам.

Судьялар – еліміздегі заңды тәртіпті сақтаушы және әділеттілікті қамтамасыз етуші тұлғалар ретінде ерекше құрметке ие болуы тиіс. Бұл құрмет олардың әлеуметтік жағдайларымен тығыз байланысты, себебі олардың қоғамдағы рөлі тек кәсіби қабілетке ғана емес, әлеуметтік қорғалу мен тұрақты тұрмыс жағдайына да тәуелді. Судьялар өз қызметтерін адал және әділ атқаруы үшін сыртқы жағдайлардың тұрақты әрі қолайлы болуы қажет. Олардың еңбек жағдайларын жақсарту арқылы біз Қазақстандағы сот жүйесіне деген сенімді арттырып, қоғамда әділдік пен заң үстемдігінің орнауына ықпал ете аламыз.

Осы тұрғыдан алғанда, судьяларға арналған тұрғын үй мәселесін жүйелі түрде шешу, оларды әлеуметтік тұрғыдан толыққанды қолдау – тек сот жүйесін нығайту ғана емес, жалпы қоғамның құқықтық мәдениетін, әділеттілікке деген сенімін арттыруға да бағытталған маңызды шара болып табылады.

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТ

# ТҰРАҚТЫЛЫҚ КЕПІЛІ

**Құқықтық мемлекет құру – кез келген егемен елдің басты мақсаты. Бұл жолда заңның үстемдігі, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуы, билік тармақтарының өзара теңгерімді жұмыс істеуі негізгі принцип саналады. Мұндай қоғамда Конституция – ең жоғарғы құқықтық күшке ие басты құжат ретінде танылып, оның ережелерінің бұлжымай орындалуы елдің тұрақтылығы мен дамуының кепіліне айналады. Осы орайда Конституциялық Сот – мемлекеттің құқықтық негізін нығайтатын, Конституция нормаларының сақталуын қадағалайтын маңызды институттардың бірі.**



Конституциялық Соттың басты міндеті – қабылданған заңдар мен басқа да нормативтік-құқықтық актілердің Конституцияға сәйкестігін тексеру.

Сонымен қатар Конституциялық Сот азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау ісінде ерекше рөл атқарады. Қарапайым азамат өз құқықтары бұзылған жағдайда тікелей Конституциялық Сотқа жүгіне алады. Бұл – құқықтық мемлекеттің айқын белгісі.

Құқықтық мемлекет құрудағы Конституциялық Соттың тағы бір маңызды қызметі – құқықтық нормаларды түсіндіру және олардың қолданылу аясын айқындау. Конституциялық Сот сонымен бірге құқықтық саясатты қалыптастыруға жанама түрде әсер етеді. Сот өз шешімдерінде құқықтық олқылықтар мен қайшылықтарды көрсете отырып, заң шығарушы органға белгілі бір бағыттарда заңнамалық өзгерістер енгізу қажеттігін меңзейді. Бұл – құқықтың динамикалық дамуына ықпал ететін маңызды фактор. Конституциялық Соттың шешімдері қоғамда болып жатқан өзгерістерге құқықтық баға беріп, мемлекет дамуының заңды негізін қалауға көмектеседі.

Қазіргі таңда құқықтық мемлекет идеясын жүзеге асыру тек заңдардың көптігімен емес, олардың сапасымен, қолданылу тиімділігімен өлшенеді. Бұл тұрғыда Конституциялық Соттың белсенді және принципшіл қызметі аса маңызды. Ол елдегі барлық мемлекеттік институттарға үлгі көрсетіп, заң алдындағы теңдікті, әділеттілік пен демократияны нақты іс жүзінде жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар Конституциялық Сот халықаралық құқықтық стандарттарға сай жұмыс істеуі тиіс. Әлемдегі дамыған елдердің тәжірибесіне сүйенсек, мұндай соттар адам құқықтары мен бостандықтарын халықаралық деңгейде қорғауға белсенді қатысады. Қазақстан да өз Конституциялық Соттың жұмысын БҰҰ, Еуропа Кеңесі, Венеция комиссиясы сияқты халықаралық ұйымдардың ұсынымдарына сай жетілдіруде. Бұл мемлекетіміздің құқықтық жүйесінің халықаралық беделін арттыруға, азаматтардың құқықтық сенімін нығайтуға ықпал етеді.

Конституциялық Сот – құқықтық мемлекеттің іргетасы. Ол заң мен әділеттің сақшысы ретінде Конституцияның орындалуын қамтамасыз етеді. Адам құқықтарын қорғап, билік тармақтарының заң шеңберінде жұмыс істеуіне ықпал етеді. Сондықтан да оның тәуелсіздігі мен тиімді қызметі – қоғамның құқықтық мәдениетінің, мемлекеттің өркениетті дамуының айқағы болып табылады.

**Б.МАХАМБЕТАЛИ,**
**Шалқар аудандық сотының судьясы**
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

ПАЙЫМ

# ӘДІЛ ТӨРЕЛІК АЙНАСЫ

**Кассациялық соттар ҚР Жоғарғы Сотының құрылымында жұмыс істейді. Олар елорда – Астана қаласында орналасқан. Апелляциялық инстанциялар облыстық және қалалық соттарда қаралатын болса, кассациялық істер орталықтандырылып, Жоғарғы Сот деңгейінде қаралады.**


**Г.БИЖАНОВА,**
**Қарғалы аудандық соты әкімшісінің басшысы**

Кассациялық сот – бұл үшінші сот сатысы, яғни бірінші және апелляциялық сатыларда шығарылған заңды күшіне енген сот шешімдеріне шағым түсіруге арналған сот инстанциясы.

Кассациялық соттар азаматтық, қылмыстық, әкімшілік және экономикалық істер қарайды.

Кассациялық соттардың пайдасы: азаматтардың құқықтарын қорғайды, яғни азаматтар үшін өз мүдделерін қорғауға қосымша мүмкіндік беріледі, сонымен қатар, сотқа деген сенім мен ашықтықты арттырады.

Сот жүйесін реформалау және кассациялық соттарды енгізілуі – Қазақстанда заң үстемдігін нығайтудың маңызды қадамы. Бұл – әділ сот төрелігіне кепіл беріп, азаматтардың құқықтарын құқықтық мемлекет аясында қорғауға жаңа мүмкіндіктер ашады.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

# АЛТЫН КӨПІР

**Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері алыс және таяу шетелдермен қарым-қатынаста бейбіт және теңгерімді саясат ұстанып келеді. Яғни, халықаралық қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге белсенді қатыса отырып БҰҰ Жарғысына сәйкес көпжақты ынтымақтастыққа ұмтылуда. Бұл ұстаным бірқатар бастамалармен, соның ішінде ядролық қаруды таратпау, жанжалдарды шешу үшін бейтарап келіссөздер алаңын ұсыну, халықаралық ұйымдардың қызметіндегі белсенді ынтымақтастық, гуманитарлық көмек және бітімгершілік операцияларға үлес қосу саласындағы бастамаларынан көрінеді.**

Мәселен, Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы күндерінен бастап ядролық қаруды таратпаудың белсенді жақтаушысы. Еліміз 1990 жылдардың басында ядролық арсеналдан өз еркімен бас тартты. Бұл сол кезеңдегі әлемдегі төртінші ірі арсенал – 1410 ядролық оқтұмсық. Сонымен қатар оны халықаралық бақылаумен Ресейге оқтұмсықтар мен ядролық материалдарды беру және жеткізу жүйелерін бөлшектеу арқылы пайдаланудан шығарды.

Ал, Семей ядролық сынақ полигонды жабуы да тәуелсіз Қазақстанның ең алғашқы және маңызды қадамдарының бірі. Бұл әлемдегі ең ірі ядролық полигондардың бірі болатын. Қазақстанның оны жабуы елдің ядролық қатерлерді жою арқылы әлемде бейбітшілікті сақтауға деген ұмтылысын көрсетті.

2006 жылы Қазақстан көрші елдермен бірлесіп, Орталық Азиядағы ядролық қарудан азат аймағын құрды. Кейіннен оған қатысты шартты Орталық Азияның барлық бес мемлекеті ратификациялап, бұл құжат 2009 жылдың 21 наурызында күшіне енді. БҰҰ Бас Ассамблеясы Семей сынақ полигонын жабу туралы Жарлыққа қол қойылған 29 тамызды Ядролық сынақтарға қарсы халықаралық іс-қимыл күні деп жариялау туралы Қазақстан ұсынған қарарды бірауыздан қабылдады. МАГАТЭ-нің Төмен байытылған уран банкін Өскемен қаласында орналастыру осы халықаралық қауымдастықтың Қазақстанның ядролық қаруды таратпау ісінде сенімді және жауапты әріптес ретінде танылуының растауы.

Қазақстан өзінің геостратегиялық орналасуын, бейбітшілікті сүйетін және теңдестірілген сыртқы саясатын пайдалана отырып, Қазақстан келіссөздер үшін бейтарап алаң ұсынып, өңірлік және халықаралық дауларды реттеуге де жан-жақты жәрдем көрсетті. Мәселен, еліміз 2013 жылы Иран мен 5+1 тобы (БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің бес тұрақты мүшесі және Германия) арасындағы келіссөздердің екі раунды үшін Иран ядролық бағдарламасының проблемасын реттеуге бағытталған бейтарап алаң ұсынды. Алматыда өткен кездесулер 2015 жылға арналған бірлескен кешенді іс-қимыл жоспарын қабылдауға ықпал еткен диалогты ілгерілетуде өз рөлін атқарды. Сонымен қатар еліміз Астанада Сирия үкіметі, елдің оппозициялық күштері, сондай-ақ Ресей, Түркия және Иран қатысқан сирияаралық келіссөздер жүргізуді қамтамасыз етті. Ал, 2024 жылдың мамырында Қазақстан екі тарапты да бітімдестіру мақсатында Армения мен Әзірбайжанға бейбіт келіссөздер алаңын ұсынды.

Қазақстан сонымен қатар түрлі секторларда бейбітшілікті, қауіпсіздікті және ынтымақтастықты қамтамасыз етуді қолдау мақсатында өңірлік және халықаралық ұйымдар құру жөнінде бірқатар бастамалар көтерді. Соны бірі Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес (АӨСШК). Қазақстан 1992 жылы құрған көпжақты форум диалог пен сенімді нығайту шаралары арқылы бүкіл Азиядағы бейбітшілікке, қауіпсіздікке және ынтымақтастыққа ықпал етуде. АӨСШК-ге мүше 28 мемлекет өңірдегі тұрақтылықты нығайтуда маңызды рөл атқарады. Қазақстан ШЫҰ-ның негізін қалаушы елдердің бірі. Бұл алқалы ұйым қызметі саяси, экономикалық ынтымақтастыққа және Еуразиядағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған. 2024 жылы Қазақстан ШЫҰ-ға төрағалық етіп, терроризмге қарсы күрес, өңірлік тұрақтылық пен экономикалық ынтымақтастықты қамтамасыз ету жөніндегі бастамаларды алға тартты.

Еліміз дамушы мемлекеттерге дағдарыс жағдайында қолдау көрсететін Қазақстандық халықаралық даму агенттігі (KazAID) арқылы жаһандық гуманитарлық күш-жігерге өз үлесін қосуда. Бұл орайда еліміздің Ауғанстан халқына Азық-түлік көмегін, білім беру стипендияларын және инфрақұрылымды дамытуға жәрдемдескенін атап көрсету орынды.

Қазақстанның ядролық қарусыздануды, келіссөздер, гуманитарлық көмек және жаһандық бітімгершілік үшін бейтарап алаң беруді қамтитын бейбітшілік пен қауіпсіздікті құруға арналған саяси бағыты елдің неғұрлым қауіпсіз және тұрақты әлемдік тәртіпке деген құлшынысын көрсетеді.

**А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,**
**«Заң газеті»**

ҚАМҚОР ОРТА

**Қоғамда ең ауыр тақырыптардың бірі балалар арасындағы суицид. Бұл туралы айту қиын. Бірақ мәселені көтеру – міндет. Өйткені үнсіз қалған сайын, бір баланың үміті өшіп, өмірі үзілуі мүмкін.**



# ҮМІТ ҮЗІЛМЕСІН

Мәселен, Ақтөбе облысында бір мектеп оқушысы өз-өзіне қол жұмсамақ болған. Сабақтан кейін үйіне қайтпай, көпірге барған оны мектеп психологы мен сынып жетекшісі іздеп тауып, аман алып қалған. Сол қыз бала бүгін мектепке барып жүр, бірақ оның «мен шаршадым» деген үні әлі де құлақта жаңғырып тұр. Психолог Жанар Сағындықтың айтуынша, көп жағдайда ата-аналар баласының күйзелісін байқамайды:

«Балалар ашық айтпайды. Оларды тыңдау керек. Сұрақ қоймай, жанында болу басты көмек. Махаббат пен мейірімді сезіну олардың ең үлкен қорғаны»

Жастар ресурстық орталығының дерегінше, 2023 жылы елімізде 1300-ге жуық жасөспірім психологтың көмегіне жүгінген. Олардың 60 пайызында суицидке бейім ойлар болған. Бұл статистика дабыл қағарлық жағдай.

Соңғы жылдары Білім министрлігі мен Денсаулық сақтау министрлігі бірлесіп, мектеп психологтарының жүктемесін азайтып, қайта даярлау курстарын енгізді. Мысалы, «Bala Qorgau» бағдарламасы аясында 2000-нан астам маманға суицидтің алдын алу бойынша тренингтер өткізілген. Алайда мектеп психологтарының саны әлі де жеткіліксіз. Кей мектептерде бір психолог 600-ден астам оқушымен жұмыс істейді. Бұл – сапалы жұмысқа үлкен кедергі.

Түркістан облысында іске асып жатқан «Тыныш жүрек» жобасы арқылы әр ауыл мектебіне аптасына екі рет арнайы маман жіберіледі. Балалармен арт-терапия, психодрама, сурет және жазу арқылы жұмыс жүргізіледі. Бұл тәсіл, әсіресе, тұйық, ішкі күйзелісі көп балаларға көмектесіп отыр.

Балалар неге үндемейді? Өйткені сенбейді. Тыңдайтын құлақ жоқ. Үнемі ұрысып, талап ететін ортада бала ішіне тығылады. Сол үнсіздік ішінде үлкен дауыс тұншығып жатады. Ол дауыс «көмектесші» деп жалынып тұрған жан айқайы. Сондықтан балаға бірінші кезекте психолог емес, қамқор орта керек. Мейірімді ата-ана, түсіністі ұстаз, жанашыр қоғам – осы үшеуі болса, баланың өмірге құлшынысы оянады. Суицидтің алдын алу үшін дәл осы қарапайым шындықты ұмытпауымыз керек.

**Самал АСҚАР**

САЛАУАТТЫ ҚОҒАМ

# ЗИЯНДЫ ӘРЕКЕТТЕРГЕ ҚАРСЫ ЭСТАФЕТАЛАР САНЫН КӨБЕЙТУ МАҢЫЗДЫ

Қазіргі қоғамның ең өзекті мәселелерінің бірі – жастар арасында зиянды әдеттердің кең таралуы. Атап айтқанда, алкогольге тәуелділік, нашақорлық және темекі шегу көптеген адамдардың өмір сапасына, денсаулығына және болашағына кері әсерін тигізуде. Бұл зиянды әрекеттердің алдын алу және олармен күресу – тек денсаулық сақтау мекемелерінің ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Осыған байланысты салауатты өмір салтын насихаттау ерекше маңызды.

Зиянды әдеттердің зардаптарына тоқталар болсақ:

**Алкоголь** – жүйке жүйесіне әсер ететін психобелсенді зат. Ол адамның ойлау қабілетін төмендетіп, агрессияға бейім етеді, бауыр мен жүрекке зақым келтіреді. Статистика бойынша, жол-көлік апаттарының, отбасылық жанжалдардың және қылмыстардың басым бөлігі мас күйінде жасалады.

Ал **нашақорлық** – ең қауіпті дерттердің бірі. Нашақор адам өз еркінен айырылып, өмірін тек есірткінің жетегінде өткізеді. Есірткі ағзаны тез әлсіретіп, психикалық және физикалық ауруларға шалдықтырады. Ең сорақысы, нашақорлық өлімге апарады. **Темекі шегу** – өкпе, жүрек және қан тамырлары ауруларының негізгі себебі. Никотин тәуелділігі жас ерекшелігіне қарамастан адамдардың өмір сүру ұзақтығын қысқартады. Елімізде жүрек-қан тамырлары ауруларынан болатын өлім-жітімнің едәуір бөлігі темекіге тікелей байланысты. Жоғарыда айтылған зиянды әрекеттермен күресіп, оны салауатты өмір салтына айналдырсақ, көптеген өзекті мәселелер мен аурулардың алдын ала алар едік. **Салауатты өмір салты** – бұл тек зиянды әдеттерден бас тарту ғана емес, сонымен қатар дұрыс тамақтану, спортпен шұғылдану, психологиялық және әлеуметтік саулықты сақтау. Мұндай өмір салтын ұстанған адам әрдайым сергек, еңбекке қабілетті болады.Тіпті жастар арасында салауатты өмір салтын кеңінен насихаттау үшін мектептерде, жоғары оқу орындарында тұрақты түрде тәрбиелік іс-шаралар өткізу қажет. Бұқаралық ақпарат құралдары, әлеуметтік желілер, блогерлер де бұл бағытта белсенді жұмыс атқаруы тиіс. Мысалы, белгілі тұлғалар өздерінің үлгісін көрсетіп, спортпен айналысуға немесе зиянды әдеттерден бас тартуға үндесе, бұл жастарға үлкен әсер етеді. Себебі, бұндай үндеулер мен эстафеталар жалғаспай қалуы әсте мүмкін емес.

Жоғарыда айтылған мәселелерге байланысты белгілі мамандар ҚР Наркология орталығының дәрігер-наркологы Айгүл Серікқызы: «Алкогольді жиі ішетін адам біртіндеп психологиялық және физиологиялық тәуелділікке түседі. Бұл – жай әдет емес, бұл – нақты диагноз. Адам өздігінен тоқтата алмайды, міндетті түрде маман көмегі қажет».

Психиатр-дәрігер Ермек Тұрсынов: «Көп ата-ана баласының нашақорлықпен бетпе-бет келгенін соңғы сәтте ғана байқайды. Ал шын мәнінде алғашқы белгілер – тұйықталу, көңіл-күй тұрақсыздығы, ұйқы бұзылысы – ерте байқалады. Бұл кезде уақыт жоғалтпай әрекет ету өте маңызды» десе, пульмонолог-дәрігер Динара Әлімбек: «Темекі шегу тек өкпені ғана емес, бүкіл қан айналым жүйесін зақымдайды. Бір шылым – 4000-нан астам улы зат. Ал күнделікті тұтыну – бұл өзін-өзі улау» дейді.

Жасөспірімдер психологы Ләззат Қасымова: «Жасөспірімдердің есірткіге әуестену себебі – ортада «қабылдану», өзін дәлелдеу ниеті. Ата-аналар баламен дос болуды үйренуі керек, тыйым емес, түсіндіру-басты құрал» – дейді.

**Шолпан КӨПІРБАЙ**

МЕРЕЙ

**Бүгінгі қоғамда патриотизм ұғымы түрлі мағынада қолданылып жүр. Бірі оны әскери борышпен байланыстырады, енді бірі тарихи жадымен, үшіншісі мемлекеттік рәміздерге құрметпен өлшейді. Анығында, патриотизм тек ұран емес, әрекет. Ол туған елге адал қызмет ету, елдің бүгіні мен болашағына бейжай қарамау, тұрақтылық пен бірлікке үлес қосу.**

# ПАТРИОТИЗМ – ҰЛТ ТІРЕГІ



Мемлекеттік рәміздер патриотизмнің көрнекі белгісі. Әнұран шырқалғанда орнынан тұрмау, Туға немқұрайлы қарау бұл әрекеттердің астарында тәрбиенің, азаматтық сананың әлсіздігі жатыр. 2024 жылы Тараз қаласындағы бір мектепте оқушының Туға құрметсіздік жасағаны қоғамда кең талқыға түсті. Мектеп ұжымы мен ата-аналар кеңесі бұл мәселені ашық көтеріп, арнайы тәрбие сағаттары өткізілді. Бұл оқиға білім беру жүйесіне мемлекеттік рәміздерге қатысты сабақ берудің жаңаша жолын іздеуді талап етті.

Саясаттанушы Мұрат Дастанұлы бұл ретте патриотизм тек міндет пен тәртіппен шектелмеуі керек, «Бізге саналы патриотизм керек. Жастар Туға неге құрмет көрсету керектігін түсініп өсуі керек. Ұрпағымыз елдің рәміздерін ұстаған кезде мақтаныш сезімін сезінуі тиіс» – дейді.

Мемлекет тарапынан бұл бағытта жүйелі жұмыстар атқарылып келеді. Жыл сайын 4 маусым – Мемлекеттік рәміздер күні қарсаңында барлық мектептерде арнайы іс-шаралар өткізіледі. Әнұранды жатқа айту, Тудың шығу тарихын білу, Елтаңбадағы таңбалардың мәнін ұғыну – бұл шаралар патриоттық сезімді тереңдетуге бағытталған. Отансүйгіштік ұғымы тек рәміздерге құрметпен шектелмейді. Ауылын, мектебін, айналасын таза ұстаған адам да – патриот. Қоғамда бірлік пен тұрақтылыққа нұқсан келтіретін әрекеттерге жол бермеу, құқыққа құрметпен қарау да осы ұғым аясында қарастырылады.

Жастар арасында жүргізілген сауалнама нәтижесі бойынша, олардың 70 пайызы патриотизмді ата-анасынан үйренгенін айтқан. Демек, патриоттық тәрбие – ең алдымен отбасынан басталады. Мектеп пен қоғам бұл процесті толықтырып отыруы тиіс.

Бізге бүгін керек нәрсе – ұрандатқан емес, ұлтына адал қызмет ететін ұрпақ тәрбиелеу. Ол үшін әр бала туған елінің тарихын, рәміздерін, құндылықтарын біліп өсуі қажет. Патриотизм ертеңгі күннің кепілі.

**Самал АСҚАР**

БАҒДАР

# СУ ҮНЕМДЕУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ ДАМЫП КЕЛЕДІ

**Биыл Жетісу облысында 524,8 мың гектар егістік бар. Оның 200,7 мыңы суармалы жерлер. Суармалы жерлер 6 су қоймасы және 12 өзен арқылы суарылады. Су ресурстары және ирригация министрлігінің баспасөз қызметінің есебі бойынша, «Қазсушар» РМК филиалы жергілікті шаруалармен су беру бойынша 7404 келісімшарт жасасқан. Бүгінгі таңда 100 мың гектардан астам егістік суарылып, 527,5 млн текше метр су алынды. Сондай-ақ 17 мың гектар алқапта ылғалдандыру жұмысы жүргізілді.**

«Барлық өндірістік учаскеде шаруалардың сұранысына сәйкес су беріледі. Вегетация қалыпты режимде өтіп жатыр. Таулы мұздықтардан бастау алатын өзендердің деңгейі жыл бойы жауған жауын-шашын мөлшеріне және ауа температурасына байланысты. Филиал мамандары суармалы судың әділ бөлінуін тұрақты бақылауда ұстап отыр. Қазіргі таңда өңірде жағдай тұрақты», – деді Жетісу облысындағы «Қазсушар» РМК филиалының директоры Саят Құдайбергенов. Оның айтуынша, вегетациялық кезең басталар алдында диқандармен ауыспалы егісті сақтау, ылғалды көп қажет ететін дақылдар көлемін қысқарту, шаруашылықішілік каналдарды механикалық жолмен тазалау, сондай-ақ су үнемдейтін технологияларға кезең-кезеңімен көшу бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Биыл өңірде су үнемдеу технологиясын қолдану 26,4 мыңнан 55,32 мың гектарға дейін ұлғайтылу жоспарланған болатын. Бүгінгі таңда ол 35,9 мың гектар алқапқа енгізілген. Оның 13,3 мыңы тамшылатып, 22,6 мың гектары жаңбырлатып суару жүйесімен қамтылған. Облыстың ауылшаруашылық басқармасының мәліметі бойынша бұдан бөлек 4,8 мың гектар алқапқа суарудың дискреттік тәсілі енгізілген. Суарудың арзан және қолдануға жеңіл бұл түрі су шығынын 30 пайызға дейін азайтады. Қазіргі таңда шаруашылықтар тарапынан оған деген қызығушылық өте жоғары. Сондықтан өндіріске енгізіп жатқандар қатары уақыт өткен сайын ұлғаюда.

Өңірде шілде айының алғашқы онкүндігіндегі ауа райының қолайсыздығына байланысты «Қазсушар» РМК филиалы каналдар арқылы суды кезекпен беру туралы шешім қабылдады. Сонымен қатар Қаратал ауданының диқандарына сумен қамтамасыз ету үшін Көксу өзенінен қосымша су жеткізілді. Қазіргі таңда шаруалар ауыл шаруашылығы дақылдары егілген алқаптың үшінші суын беруде.

Жалпы, Жетісу облысында суармалы жерлерге су беруге арналған 54 су қоймалары, тоғандар, бөгеттер мен сужинағыш тораптар бар.

**Е.ЕРЖАНҰЛЫ,**
**«Заң газеті»**

СҰХБАТ



Қайыржан СЕРІКБАЙҰЛЫ, Алматы облысы Іле ауданының әкімі:

# «БАСТЫ МАҚСАТ – АУДАННЫҢ ӘЛЕУЕТІН КӨТЕРУ»

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

80 адам жұмыс орнымен қамтылған. «FEBEST» ЖШС автобөлшектерге арналған «А» санаттағы қойма, инвестиция сомасы 2,5 млрд теңге, 50 жұмыс орны бар, 2025 жылдың наурыз айында құрылыс монтаждау жұмыстары аяқталды.

«MIREL» ЖШС «А» санатындағы қойма құрылысы, инвестиция сомасы 3,2 млрд теңге (2024 ж. – 2,5 млрд тг, 2025 ж. – 0,7 млрд тг.) 125 жұмыс орны, 2025 жылдың мамыр айында құрылыс монтаждау жұмыстары аяқталды. «САЯГРУПП» ЖШС қойма құрылысы, инвестиция сомасы 720 млн теңге, аталған сомма 2025 жылы тартылды. 27 адамға жұмыс орны қарастырылған, аяқталу мерзімі 2025 жылдың шілде айы деп күтілуде. Қазіргі жағдайда құрылыс монтаждау жұмыстары жүргізіліп, 2025–2026 жылдары ауданда жалпы құны 300 млрд теңгені құрайтын 17 ірі инвестициялық жоба жүзеге асырылмақ. Бұл тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға ықпал етеді.

**– Ауданымыздың жартысы Алатау қаласы болып бөлінді. Бұл өзгеріс ауданның экономикалық әлеуетіне қалай әсер етті? Бюджетке қандай ықпалын тигізді?**

– Былтыр Алатау қаласына ауданымыздан Жетіген ауылдық округі мен Байсерке ауылдық округінің бірнеше ауылы, атап айтқанда Қоянқұс, Жаңаталап, Жаңадәуір елді мекендері өтті. Алатау қаласының 2025 жылға арналған бюджеті 4,4 млрд теңге көлемінде бекітілді. Бұл қаражаттың 29,5% тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты дамытуға, 18,2% жол инфрақұрылымына, ал 9,1% әлеуметтік төлемдер мен қолдау шараларына бағытталды. Ауданымыздың жартысы Алатау қаласына беріліп, соның салдарынан ауданның кірістері азайды: 2023 жылы – 241 млрд жоспарланған, 2024 жылы – 211 млрд теңге, яғни 30 млрд теңгеге кеміді.

Қазір Іле ауданының бюджеті негізінен ауыл шаруашылығы мен шағын бизнестен құралады. Аумақтық өзгерістерге қарамастан облыстық трансферттер арқылы шығыстар толық жабылды, яғни аудан әлеуметтік және инфрақұрылымдық міндеттерді орындауды жалғастыруда.

**– Территориялық өзгерістерге байланысты ауданның жалпы ахуалы қандай болмақ?**

– Ауданның аумақтық өзгерістері әлеуметтік-экономикалық дамуға тың серпін берді. Жаңа қала құрылымының пайда болуы инфрақұрылымның қарқынды дамуына жол ашып, тұрғындар үшін жаңа жұмыс орындарын ұсынды. Бұл өзгерістер экономиканың түрлі салаларын, әсіресе ауыл шаруашылығы, құрылыс және әлеуметтік секторларды нығайтуға мүмкіндік берді. Осы бағытта біз бірнеше ірі жобаларды іске асырып, ауданның тұрақты дамуын қамтамасыз етуді көздеп отырмыз.

**– Ауданға инвестиция тарту мәселесі қалай жүзеге асып жатыр? Инвесторларға қандай мүмкіндіктер қарастырылған?**

– Іле ауданында инвестиция тарту бағытында ауқымды жұмыстар атқарылуда. Қазіргі таңда кешенді жоспар аясында жалпы құны 300 млрд теңгеге 17 ірі инвестициялық жобаны жүзеге асыру көзделген. Бұл жобалардың нәтижесінде 2672 жаңа жұмыс орны ашылады. Инвесторларға ауыл шаруашылығы, құрылыс, көлік инфрақұрылымы салаларында кең мүмкіндіктер ұсынылып жатыр. Аталған жобалар ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына оң әсерін тигізіп, жаңа кәсіпкерлік бастамаларды қолдауға бағытталған. Сонымен қатар, Іле ауданында кіші және орта инвестициялық жобалар да маңызды рөл атқаруда. Қазіргі уақытта жалпы құны 22,4 млрд теңгеге бағаланған 34 жоба қарастырылып жатыр. Бұл жобалар аясында сауда үйлері, монша кешендері, сауда орталықтары, дүкендер мен қоймалар салу жоспарланған. Бұл бастамалар аудан экономикасын әртараптандырып, жаңа кәсіпкерлік құрылымдардың қалыптасуына ықпал етеді.

Ірі кәсіпорындар да өндірістік қуаттылығын арттыру мақсатында модернизациядан өтуде. Атап айтқанда, «ФМК» ЖШС, «JTI» ЖШС және «Shin Line» ЖШС кәсіпорындары өндіріс көлемін ұлғайту және жаңа технологияларды енгізу бағытында жұмыстар жүргізуде. Бұл кәсіпорындар аудан экономикасына тұрақты үлес қосып, өңірлік дамуға серпін береді. Инфрақұрылымдық мәселелерді шешу де басты назарда. Жол жөндеу, электрмен жабдықтау және сумен қамтамасыз ету секілді инфрақұрылымдық жобалар бюджет есебінен жүзеге асырылуда. Бұл жобалар аудан тұрғындарының өмір сүру сапасын арттырып, экономикалық өсімді ынталандыруға ықпал етеді. LC Waikiki компаниясының қойма салу жөніндегі инвестициялық жобасына байланысты жер мәселелері туындаған болатын. Қазіргі таңда жер иелерімен келіссөздер жүргізіліп, инвесторларға қажетті қолдау көрсетілді. Аталған жоба қолданыс актісін алып іске қосылды, жаңа жұмыс орындары құрылды. Сондай-ақ, тоқтап тұрған жобалар анықталып, оларды қайта жандандыру бағытында жұмыстар атқарылуда. Жер учаскесінің игерілмеуі салдарынан кейбір жобалар уақытша тоқтап тұрғанымен, тиісті шаралар қабылданып, олардың іске қосылуына мүмкіндік жасалуда. Іле ауданының инвестициялық қоры өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал ететін ауқымды жобаларды қамтиды. Ірі және шағын инвестициялық жобалардың жүзеге асырылуы жаңа жұмыс орындарын құруға, инфрақұрылымды жақсартуға және кәсіпкерлік мүмкіндіктерді кеңейтуге жағдай жасайды. Инвесторлармен белсенді жұмыс жүргізіліп, барлық қажетті қолдау көрсетілуде. Ауданның инвестициялық тартымдылығын арттыру мақсатында жүйелі жұмыстар жалғасса береді.

**– Пайдаланылмай жатқан жерлерді мемлекет меншігіне қайтару жұмыстары қалай жүргізілуде? Бұл бағытта қандай нәтижелер бар?**

– Ауданымызда пайдаланылмай жатқан жерлерді мемлекет меншігіне қайтару бойынша белсенді жұмыстар атқарылуда. 2025 жылы көлемі 39680,58 га (131 меншік иесі және жер пайдаланушылар) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің пайдаланылмай жатқандығы анықталды, оның ішінде: көлемі 2230,0 га 2 жер пайдаланушы бойынша жалға алу шартын мәжбүрлеп бұзу үшін материалдар сотқа берілді.

Көлемі 3000,00 гектар 1 жер пайдаланушы бойынша жалға алу шартын мәжбүрлеп бұзу үшін 16.04.2025 жылы сот отырысының шешімімен мемлекет меншігіне қайтару туралы талап арыз қанағаттанды.

2 жер пайдаланушы жалпы көлемі 1552,95 гектар жер телімі қайта пайдалануға кірісті.

Көлемі 5118,6092 га 33 жер пайдаланушы пайдаланылмай жатқан жеке меншіктегі жер телімі бойынша шара қолдану үшін «Алматы облысының жер ресурстарын басқару департаменті республикалық» ММ-не 4 хат жолданды – көлемі 28913,0292 га 92 жер пайдаланушы бойынша «Қазпошта» АҚ-ы арқылы хабарлама жолданғандығын мәлімдеймін.

**– Халыққа қолжетімді баспана ұсыну бағытында қандай шаралар қолға алынбақ?**

– Тұрғын үй мәселесі – біз үшін басым бағыттардың бірі. 2024 жылы әлеуметтік осал топтарға 152 пәтер беріліп, 2025 жылы тағы 200 жалдамалы пәтер беру жоспарланып отыр. Сонымен қатар, Өтеген батыр ауылында үш жаңа көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы аяқталуға жақын. Бұл үйлер «Отбасы банк» арқылы тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға беріледі.

Қазіргі таңда аудан бойынша тұрғын үй кезегінде 5 437 азамат тіркелген. Бұл мәселені шешу мақсатында 2024 жылы әлеуметтік осал топтағы 152 азаматқа пәтер берілді. Ал 2025 жылы тағы 200 жалдамалы пәтерді ұсыну жоспарланып отыр.

Өтеген батыр ауылында құрылысы үш 72 пәтерлі тұрғын үйдің екеуінің құрылысы аяқталды, бір көппәтерлі тұрғын үйдің құрылысы тамыз айында аяқталуы жоспарлануда. Бұл үйлер тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамыту тұжырымдамасына сәйкес, тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға беріледі.

Іле ауданында әлеуметтік осал топтарды баспанамен қамтамасыз ету мақсатында барлық қажетті шаралар қабылдануда. Бұл бағыттағы жұмысты одан әрі күшейтіп, ауданның инфрақұрылымын дамыту және тұрғындардың өмір сапасын арттыру үшін бар күшімізді саламыз. Осылайша, әлеуметтік ахуалды жақсартып, тұрғындардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған нақты қадамдар жасаймыз.

**– Ауданның дамуы үшін қандай стратегиялық бағыттар белгіленді?**

– Ауданның дамуы үшін стратегиялық бағыттарымыз бірнеше саланы қамтиды: инфрақұрылымдық даму, әлеуметтік жобалар, инвестиция тарту, ауыл шаруашылығын дамыту, экологияны қорғау, кәсіпкерлікті қолдау, білім беру мен денсаулық сақтау жүйесін жетілдіру. Біз осы бағыттар бойынша жұмыстарды жандандырып, ауданымыздың болашағын дамыту үшін барлық күш-жігерімізді жұмсап, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға, қауіпсіз және қолайлы орта қалыптастыруға ерекше мән берудеміз.

**–Ауылішілік жолдардың сапасы қандай деңгейде? Тұрғындар облыстық жолдардың жағдайына жиі шағымданады. Бұл мәселенің шешімі не себепті ұзаққа созылуда?**

– Ауыл ішіндегі жолдарды жөндеу жұмыстары жалғасуда. 2024 жылы 82 көшеге жөндеу жұмыстары аяқталса, 2025 жылы тағы 84 көшені жаңарту жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар, облыстық маңызы бар жолдар да ұзақ мерзімді жөндеуді қажет етеді, бұл жұмыстар сапалы әрі кезең-кезеңімен жүзеге асырылады. Әрбір жоба толықтай техникалық сараптамадан өтіп, тиісті қаржыландырумен қамтамасыз етіледі. Жол сапасын, жолдың жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы үлесін арттыру үшін, жыл сайын ауылішілік көшелерге кезең-кезеңімен әр түрлі деңгейдегі жөндеу жұмыстары жүргізілетін болады.

Аудан әкімі ретінде менің басты мақсатым – барлық салада ауданымыздың әлеуетін арттыру. Біз тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсарту, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосу және қолайлы орта қалыптастыру үшін барлық күш-жігерімізді жұмсаудамыз.

**– Сұхбаттыңызға рақмет.**

**Қуаныш ЕРМЕКОВА,**
**«Заң газеті»**

ӨҢІР

# ТАСҚЫНҒА ҚАРСЫ 19 БӨГЕТ САЛЫНДЫ

**Батыс Қазақстан облысында көктемгі су тасқыны әр жыл сайын үлкен қауіп туғызады. Жайық өзенінің жағалауы мен оның айналасындағы елді мекендер үшін су тасқыны мәселесі, әсіресе өзектілігін жойған емес. Осыған байланысты өңірде маңызды шаралар қолға алынып, Жайық өзенінің жағалауын нығайту және гидротехникалық нысандарды жаңғырту жұмыстары басталды. Бұл шаралар, ең алдымен, тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және табиғи апаттардың салдарын азайту мақсатында жүзеге асуда.**

Батыс Қазақстан облысының әкімдігі көктемгі су тасқынының алдын алу мақсатында Жайық өзенінің жағалауын нығайту жұмыстарын қолға алды. Осы жұмыстар аясында негізгі басымдықты табиғи апаттардан зардап шегетін аймақтарға беру жоспарланған. Бұл жұмыстардың басты мақсаты – су деңгейінің көтерілуі кезінде өзеннің арнасынан асып кетуін болдырмау, елді мекендерді су тасқынынан қорғау. Облыс орталығында да осы бағытта ауқымды жұмыстар жүргізіліп, бір миллиард теңгеден астам қаражат бөлінді. Бұл қаражат өзен жағалауын нығайту, су өткізу жүйесін жаңарту, бөгеттер салу секілді жұмыстарға бағытталған. Өңірдің жалпы қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін бұл шаралар маңызды қадам болып табылады.

Бәйтерек ауданына қарасты Чиров ауылындағы бөгет – өткен ғасырдың 70 жылдарында салынған гидротехникалық нысан, бірақ бүгінгі таңда оның жаңартылуы аса маңызды мәселе болып отыр. Бұл бөгет Жайық өзенінің суын реттеудің маңызды құралы болып табылады, әрі ол бірнеше ауылдың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

– Бөгеттің төменгі тұсында Құрманғазы, Аманат, Балабановка ауылдары орналасқан. Бұл жермен 3,5 млн текше метр су өтеді. Егер гидротехникалық нысан шыдас бермесе, елді мекендерді шайып кетуі мүмкін. Бұл бөгет былтырғы су тасқыны кезінде бұзыла жаздаған. Сондықтан айналасы нығайтылып, 11 метрге ұзаратын болды. Жоба құны – 78 млн теңге. Оған су өткізу жүйесі де жаңартылады, – деп атап өтті Чиров ауылдық округінің әкімі Николай Штык.

Қазіргі уақытта бөгет 11 метрге ұзартылып, биіктігі Балтық теңізінің деңгейінен 73,5 метрге дейін көтерілді. Сондай-ақ, екі қатар плита орнатылып, бөгеттің енін 17 метрге дейін кеңейту жоспарланған. Мердігер ұйымның өкілдері бұл жұмыстың 80 пайызын аяқтағанын және нысан тамыз айында пайдалануға берілетінін мәлімдеді.

Соңғы екі жылда Батыс Қазақстан облысында су тасқынынан қорғану үшін 19 бөгет салынған. Бұл бөгеттердің басым бөлігі Жайық өзенінің Бәйтерек ауданының аумағынан өтетін тұстарында орналасқан. Бөгеттердің құрылысына жалпы 2,9 миллиард теңге бөлінген. Бұл жұмыстар өңірдің су тасқынына қарсы күресіне маңызды үлес қосып, табиғи апаттардан тұрғындарды қорғауға бағытталған. Топырақ үйінділері, бөгеттер және басқа да гидротехникалық құрылымдар ауылдарды тасқыннан қорғауда тиімді жұмыс істеді. Мысалы, былтырғы су тасқыны кезінде бірқатар елді мекендер осы құрылымдардың арқасында қауіптен аман қалды. Бұл өңірдегі су тасқынын алдын алу шараларының тиімділігін көрсететін нақты мысал болып табылады.



Облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Марат Молдашевтың мәлімдеуінше, Батыс Қазақстан облысындағы су тасқынына қарсы іс-шаралар жеке меншік қордан бөлінген 2,9 миллиард теңгеге жүзеге асырылуда. Бұл қаражат гидротехникалық нысандарды салуға, бөгеттер мен өзен жағалауларын нығайтуға және су өткізгіш жүйелерді жаңартуға бағытталған. Жалпы алғанда, өңірде су тасқынының алдын алу жұмыстарына бөлінген қаржы көлемі айтарлықтай үлкен. Осы қаражаттың тиімді жұмсалуы, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, тұрғындардың қауіпсіздігі мен ауыл шаруашылығының тұрақтылығын сақтауда шешуші рөл атқарады.

Батыс Қазақстан облысында көктемгі су тасқынының алдын алу бойынша жүргізілген жұмыстар өңір тұрғындары үшін өте маңызды. Жайық өзенінің жағалауын нығайту, бөгеттер салу және гидротехникалық нысандарды жаңарту арқылы облыс көктемгі су тасқынын қорғау жүйесін жақсартуға бағытталған ауқымды қадамдар жасалуда. Өңірде бұл бағыттағы жұмыстар жалғаса бермек.

**Айгерім ҒАЛЫМ**
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫ

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

**Әлемде сан түрлі геосаяси жағдайлар болып жатқан бүгінгі таңда елдің басты құндылығы – тәу еткен тәуелсіздігіміз бен тыныштығымызды сақтау аса өзекті әрі бірінші кезектегі мәселе екені сөзсіз. Сондықтан да мемлекеттің қауіпсіздігі мен тұрақтылығын көздің қарашығындай сақтау қарулы күштер мен құқық қорғау органдарынан аса зор қырағылық пен жауапкершілікті талап ететінін атап өткен жөн.**

# ҚАРУ МЕН ҚАУІПСІЗДІК: БЕЙБІТ ӨМІРДІ ОҚСЫЗ ҚОРҒАУ



Шымкент қаласында тәртіп сақшыларымен ұйымдастырылып жатқан жедел профилактикалық іс-шаралар – осы бағыттағы кешенді жұмыстың жарқын көрінісі. Құқық қорғау құрылымдарының атқарған істері қоғамда заңға деген сенімді күшейтіп, әділеттілікке деген үмітті сондай-ақ жалпы қоғамның құқық қорғау органдарына деген сенімін нығайта түскен.

Әлемнің кез келген түкпірінде тіпті елімізге іргелес жатқан мемлекеттерде қарулы қақтығыстар мен тосын оқиғалар жайлаған заманда, бейбіт күнде атыс қаруының көлеңкесінде өмір сүру – қауіпті үрдіске айналмауы тиіс. Өйткені, қауіпсіздік қағидалары мен елдегі тұрақтылықтың мызғымас беріктігін қамтамасыз ету үшін құқық қорғау органдарынан, әсіресе полиция қызметкерлерін сақадай-сай әзірлікті қажет етеді. Осыны ескерген Шымкент қаласының Полиция департаменті шілде айының 1–10 күндері аралығында «Қару» жедел профилактикалық іс-шарасын өткізді.

Бұл бастама атыс қаруын пайдалана отырып жасалатын қылмыстардың жолын кесу, қарудың заңсыз айналымына шектеу қою, сондай-ақ қару иелерінің заң алдындағы жауапкершілігін арттыру мақсатында ұйымдастырылыпты.

### Сандар санаға серпін береді

Іс-шара аясында полиция қызметкерлері қала аумағындағы шалғай елді мекендер мен аңшылық аймақтарды жаппай аралап, жалпы саны 5276 азаматтық қару иесін тексерген еді. Жүргізілген рейдтік шаралар барысында олардың қатарында қаруды заңсыз ұстағандар да анықталып 9 дана суық қару тәркіленіп алынды. Сондай-ақ, қару-жарақ түрлерін заң талаптарына сәйкес тіркеп қолданбағаны үшін 128 әкімшілік құқық бұзушылық анықталып, кінәлілер жауапқа тартылды. Тәртіп сақшыларының тергеп-тексеруі барысында қару сақтау және алып жүру тәртібін бұзған 3 азамат, тіркеу мерзімін өткізіп алған 20 тұрғын жауапқа тартылды, – дейді Шымкент қаласы полиция департаментінің ресми өкілі Бағлан Исатаева. Бұл деректердің өзі-ақ қоғамда әлі де болса құқықтық сауаттылықтың кемшін тұстары бар екенін көрсетеді. Дегенмен, бұл тек сын ғана емес жаңа деңгейге өтуге мүмкіндік деп те қарастыруға болады.

### Жауапкершілік пен рақымшылық – заң аясында

Айта кетерлігі, Қазақстан заңнамасына сәйкес, заңсыз қару, оқ-дәрі немесе жарылғыш заттарды өз еркімен тапсырған азаматтар, егер басқа құқық бұзушылық белгілері болмаса, қылмыстық немесе әкімшілік жауапкершіліктен босатылады. Бұл – мемлекеттің заң талаптарын ескерген адамға кеңдік танытып, қоғамға қайта бейімделуге мүмкіндік берілетінін көрсетсе керек.

Алайда, заңды өрескел бұзу тек қару-жарақпен ғана емес басқа да толып жатқан заңсыздықтар қоғамда жетіп артылады. Әсіресе, ең көп таралған қылмыстардың бірі ұрлық та қауіпсіздікке жасалған елеусіз шабуыл десек артық айтпаспыз. Бұл ретте де шымкенттік полицейлердің қырағылығы мен жедел әрекеттері нәтижесіз қалған емес. Шілде айының алғашқы онкүндігінде ғана қаланың бірнеше ауданында пәтер тонаумен айналысқан бес ер адам тәртіп сақшыларының құрығына ілінді.

Полицияның мәліметінше күдіктілер терезе арқылы тұрғын үйлерге заңсыз кіріп, негізінен алтын бұйымдарды қолды қылған. Тек бір айдың ішінде олар онға жуық үйді тонап, жәбірленушілерге 20 миллион теңгеден астам материалдық шығын келтіргені мәлім болды.

### Тергеу – тек әділет үшін

– Қазіргі уақытта қылмыстық топ уақытша ұстау изоляторына қамауға алынған. Тергеу амалдары жүріп жатыр. Жауапты органдар ұрланған бұйымдардың бір бөлігін иелеріне қайтарып берді. Бұл – полиция қызметінің нақты әрі нәтижелі жұмысының жемісі. Азаматтардың жекеменшігін қорғау – құқықтық мемлекеттің басты артықшылықтарының бірі. Ол тәртіп сақшыларынан қырағылық пен аса зор жауапкершілікті талап етеді. Ұрлыққа жол бермеу, дер кезінде алдын алу және кінәліні жазасыз қалдырмау – әділетті қоғам орнатудағы негізгі талап,– деп толықтырды Бағлан Исатаева.

Елімізде қолға алынған «Қауіпсіз қоғам» ұлттық жобасы шеңберінде де Шымкент қаласындағы полиция қызметімен ұйымдастырылып жатқан шаралардың да ауқымы кең. Бұл өз кезегінде шаһардағы қоғамдық тәртіп пен құқықтық мәдениеттің жаңа сатыға көтерілуіне тың серпін берген. Сонымен қатар ұлттық жоба аясында қолға алынған жұмыстар құқық қорғау органдарының қызметін жаңғыртумен қатар, халықпен сенімді байланыс орнатуға, әрбір азаматты қоғамдық қауіпсіздікке ортақ жауапкершілікке тартуға бағытталған бастамаға айналған.

### Сенім – сақтықтың серігі

Бұл орайда құқық қорғау органдары мен қоғам арасындағы ашық диалогтың ел ішіндегі қауіпсіздіктің басты шарты екені даусыз. Таразы басын тең ұстау үшін тәртіп сақшыларымен осы бағытта атқарылып жатқан жұмыстар сенім мен сыйластыққа негізделген жаңа үлгідегі полиция қызметіне көшуді көздейді. Азаматтардың үнін тыңдайтын, қажеттілігін ескеретін, әділетке сүйенетін полиция бейнесі – бүгінгі күннің басты талабы екені анық.

Құқықтық мемлекетті қалыптастыру және азаматтық қоғам құрудағы қоғам үшін ең басты әрі аса маңызды мәселе – заңды білу әрі оның іс жүзінде жүзеге асырылуын қамтамасыз ету екені сөзсіз. Бұл ел азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың алғашқы баспалдағы. Тек құқықтық сауаты жоғары қоғамда ғана қылмыс аз, тәртіп пен талап берік болмақ. Осы ретте құқық қорғау органдарының ағарту, түсіндіру, алдын алу бағытындағы жұмыстары аса айрықша маңызға ие десек қателеспейміз. Бұл – қоғамның құқықтық иммунитетін қалыптастыруға мүмкіндік беретін аса маңызды құрал бола алады.

Құқық бұзушылыққа бейжай қарамау, заң бұзғандарға төзімсіз болу – әрбір азаматтың азаматтық борышы екені рас. Құқықтық мәдениет тек заңнан қорқу емес, заңға сену, оны құрметтеу арқылы қалыптасады.

***Бүгінгі Қазақстан – заң үстемдігін басты құндылық еткен мемлекет. Сондықтан бұл бағыттағы жұмыстар үздіксіз жалғасып келеді. Шымкент қаласында да осы бағытта өткен жедел іс-шаралар соның жарқын көрінісі. Заңды құрметтеген ел – бейбіт өмірдің бағасын біліп, мемлекеттің болашағының баянды болуын қамтамасыз етпек. Бұл мақсаттың іс жүзінде жүзеге асуы үшін әрбір азамат тәртіп пен әділеттің қалыптасуына үлес қосқанда ғана шын мәніндегі қауіпсіз қоғамды бірге құра аламыз. Яғни, заң – қағаз жүзіндегі ереже ғана емес, ел тағдырын айқындайтын темірқазық. Сондықтан заңның салтанат құруы баршамыздың ортақ мұратымыз болып қала бермек.***

**Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ**
Ақмола облысы

ДЕНСАУЛЫҚ

# ҰЛТ ДЕНСАУЛЫҒЫ ЖАҚСАРСА, ҚОҒАМ ОРНЫҚТЫ ДАМИДЫ

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, елімізде ауыл тұрғындарының өмір сапасын жақсартуға бағытталған кешенді шаралар жүзеге асырылып келеді. Соның бірі – «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы. Бұл бастама аясында ауылдық елді мекендерде жаңа медициналық нысандар салынып, заманауи құралдармен жабдықталып, халықтың алғашқы медициналық көмекке қолжетімділігі артып келеді.**



Осы жобаның нақты нәтижесі ретінде Батыс Қазақстан облысы, Сырым ауданына қарасты Шағырлой ауылында жаңа фельдшерлік-акушерлік пункт (ФАП) іске қосылды. Ауыл тұрғындары үшін маңызды бұл оқиғаға облыс әкімі Нариман Төреғалиев арнайы қатысып, жаңа нысанның ашылуымен жергілікті жұртты құттықтады.

– Президентіміз Қ.Тоқаев өз жолдауында: «Еліміздің басты құндылығы – адам. Ұлт денсаулығы жақсы болса ғана, қоғам орнықты дамиды» деп атап өткен болатын. Бүгінгі ашылып отырған медициналық пункт – осы сөздердің нақты іске асқанының дәлелі. Бұл нысан ауыл халқының, әсіресе аналар мен балалардың саулығын нығайтуға өз үлесін қосады деп сенемін, – деді аймақ басшысы Нариман Төреғалиев салтанатты шарада сөйлеген сөзінде.

Жалпы, 2023–2025 жылдары аралығында Батыс Қазақстан облысында 50 жаңа медициналық нысан салу жоспарланған болса, Шағырлой ауылында ашылған ФАП – солардың 45-шісі. Бұл – ауылдық денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамытудағы жүйелі жұмыстың нәтижесі.

Жаңа фельдшерлік-акушерлік пункттің жалпы аумағы 260 шаршы метрден асады. Нысан заман талабына сай медициналық жабдықтармен қамтылған. Мұнда күніне 40 адамға дейін қабылдау мүмкіндігі бар. Ғимарат жарық, кең әрі барлық санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сай салынған.

– Бұрын қарапайым тексеруден өту үшін аудан орталығына баруға тура келетін. Енді бәрі өз ауылымызда шешілетін болды. Жаңа ғимарат өте ыңғайлы, дәрігерлерге бару жеңілдеді. Осындай қамқорлық көрсетіп отырған Мемлекет басшысына алғысымыз шексіз, – дейді ауыл ардагері Сағидоқас Бақтығалиев.

Ауылдық медициналық инфрақұрылымды дамыту – тек медициналық қызмет сапасын арттыру ғана емес, сонымен қатар шалғайдағы тұрғындардың өмір сүру жағдайын жақсартуға бағытталған үлкен әлеуметтік бастама. Осындай жобалар арқылы ауылдардағы халықтың мемлекетке деген сенімі нығайып, әлеуметтік әділеттілік пен тең мүмкіндік қағидаттары нақты іске асуда.

Бүгінде ауыл – ел руханиятының, мәдениеті мен тарихының негізі. Ауыл тұрғындарының денсаулығы мен әл-ауқатына көңіл бөлу – мемлекет дамуының басты басымдықтарының бірі болғандықтан өңірде бұл бағыттағы жұмыстар жалғасын таба бермек.

**Айгерім ҒАЛЫМ**
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ИНВЕСТИЦИЯ

**Қостанай облысында өңірдің жұмыртқа бағытындағы құс фабрикасын жаңғырту және кеңейту, сондай-ақ жаңа құрамажем зауытын салу бойынша ауқымды жоба жүзеге асырылуда. Өндіріс орнының жобалық қуаттылығы – жылына 200 миллион дана жұмыртқа және 10 мың тонна құрама жем. Жобаның бастамашысы әрі инвесторы – «Arkalyk Qus» ЖШС. Жалпы инвестиция көлемі 1,2 миллиард теңгені құрайды.**

# ҚҰС ФАБРИКАЛАРЫНЫҢ КӨЛЕМІ ҰЛҒАЙМАҚ

Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметі бойынша, құрылыс жұмыстары былтыр шілде айында басталды. Ондағы нысандарды пайдалануға беру биылғы желтоқсанға жоспарланған. «Arkalyk Qus» ЖШС бұдан бөлек, тауық қиынан тыңайтқыш өндіретін зауыт салу бойынша инвестициялық жобаны қатар жүзеге асыруда. Бұл жобаға 500 миллион теңгеден астам қаражат салынуда. Олар өңірдегі жұмыртқа өнімдерінің өндірісін айтарлықтай арттыруға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және Қазақстанның ауыл шаруашылығы мен тамақ өнеркәсібінің дамуына үлес қосуға мүмкіндік береді.

Жалпы, Ауыл шаруашылығы министрлігінің есебіне қарағанда, шикізаттық емес секторлардағы отандық және шетелдік инвесторлардың кәсіпкерлік субъектілерінің құны 500 млн теңгеден басталатын жобалары енгізілген Инвестициялық жобалардың Жалпыұлттық пулында ауыл шаруашылығы саласы бойынша 139 жоба бар. Олардың оны Қостанай облысында жүзеге асырылуда. «Arkalyk Qus» ЖШС-нің бұл жобасы бұл тізімде жоқ. Өңірдегі 2024–2028 жылдары жүзеге асырылатын он жобаның үшеуі былтыр, 2025–2026 жылдары екі-екіден, үшеуі 2027 жылға, біреуі 2028 жылға жоспарланған.

Биыл іске қосылады деп жоспарланып отырған жобалардың бірі 5200 тонналық көкөніс қоймасының құрылысы. Құны 700 млн теңгені құрайтын бұл жобаны жүзеге асыру жұмысы 2023 жылы басталған болатын. Келесі жылы 3 жоба іске қосылмақ. Біріншісі құрылысы 2022 жылы басталған құны 14,3 млрд теңгені құрайтын бисквит цехы құрылысының жобасы.

Екіншісі, құны 24 млрд теңгені құрайтын түрік кәсіпкерлері қаржыландырып отырған бұршақ дақылдарын қайта өңдеу зауыты. Оның құрылысы 2024 жылы басталған болатын. Үшіншісі, отандық инвесторлардың құны 1,8 млрд теңгені құрайтын 20 мың тонна астық сақтауға арналған қойманың 1 кезеңіне арналған жобасы да қолданысқа беріледі. Оның құрылысы да былтыр басталған. Одан кейін қалған төрт жобаның үшеуі 2027 жылы іске қосылмақ. Олар – құны 70 млрд теңге болатын бидай дәнін терең өңдеу зауыты (құрылысы 2024 жылы басталған); құны 4,6 млрд теңге болатын өз шикізатын одан әрі қайта өңдей отырып, СГО (селекциялық-генетикалық орталық) астында жұмыс істеп тұрған шошқа өсіру кешенін жаңғырту және кеңейту жобасы (құрылысы 2023 жылы басталған); құны 1,8 млрд теңгелік 20 мың тонна астық сақтайтын қойманың екінші кезегі (2024 жылы басталған). Инвестициялық жобалардың Жалпыұлттық пулында ауыл шаруашылығы саласы бойынша Қостанай облысынан 2028 жылы іске қосылатын қазіргі таңда белгілі болып отырған соңғы жоба сыйымдылдығы 70 мың тонна болатын көкөніс қоймасы жобасы. Құны 1,8 млрд теңге болатын бұл қойманың құрылысы 2024 жылы басталған еді.

**Қ.ЕРМЕКОВА,**
**«Заң газеті»**

МЕЖЕ

# ОЙЫН АЛАҢДАРЫ ЖАҢАРЫП ЖАТЫР

Жетісу облысында «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық бағдарламасы аясында 83 балалар ойын және спорт алаңы салынуда және жаңғыртылуда.

2025 жылы өңірде 58 алаң жаңадан салынып, 25-і ағымдағы жөндеуден өтеді. Бүгінгі күнге дейін 25 алаңда құрылыс жұмыстары толық аяқталған. Оның ішінде 7-еуі жаңадан бой көтерген. Жобалар тұрғын үй аулаларын абаттандыру мақсатында жүзеге асырылуда.

**Е.ЕРЖАНҰЛЫ**
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

## ТАРАТУ

6. «Жүсіп» несие серіктестігі» ЖШС (БСН 130140019614) мәжбүрлеп тарату туралы Қазақстан Республикасының атынан 2021 жылғы 25 қаңтардағы №4360-20-00-2/1850 сот шешімінің шығарылғаны туралы хабарлайды. Кредиторлар мен өзге де мүдделі тұлғалар осы хабарлама жарияланған күннен бастап 20 (жиырма) күн ішінде Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Абай Құнанбаев көшесі, 85-үй мекенжайына өз талаптарын ұсына алады, тел. +7 702 819 65 97.

7. «Жемістер орталығы» (БСН 220440027417) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Асан Қайғы көшесі, 8-үй, 162-пәтер, тел. +7 708 425 06 61.

8. «Давыдов экспиренс» ЖШС (БСН 230540013313) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: БҚО, Орал қаласы, Самар көшесі, 98- үй, н.п. 18.

9. «МЕРЕИ-2020» ЖШС (БСН 160740021504) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Қазыбек Би атындағы аудан, Бұхар Жырау көшесі, 1/12- үй.

15. «Ермек-АгроСервис» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі (БСН 220540036370) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Жігерген а/о, Тесіктөбе ауылы, Ташқұл Болыс көшесі, 32-үй , индекс 160300.

## ӘРТҮРЛІ

10. Қостанай қалалық соты Қостанай қаласы, Юбелейный ықшамауданы, 8-үй, 62-пәтерде тұратын Александр Витальевич Паланскийдің арызы негізінде Решетник Светлана Павловнаны хабар-ошарсыз кеткен деп тану туралы азаматтық іс қозғалды. Ол Қазақстан Республикасында 1977 жылы 5 тамызда туған, ЖСН 770080540187, ұлты – орыс. Соңғы тұрған мекенжайы: Қостанай қаласы, Гречаная көшесі, 22-үй, 17-пәтер.

Решетник Светлана Павловнаның тұратын жері туралы ақпараты бар адамдар болса үш ай ішінде мына мекенжайға хабар беруі сұралады: Қостанай қаласы, Победа көшесі, 72-үй.

11. «Уральская нефтехимическая компания» ЖШС (БСН 06024000601, БҚО, Орал қаласы, ТЭЦ ауданы, 2\2 үй ) «NEFTEK Operating» ЖШС-не қосылу жолымен қайта ұйымдастырылатынын хабарлайды. Шағымдар мына мекенжайда қабылданады: БҚО, Орал қаласы, ТЭЦ ауданы, 2/2 үй. тел. 8 701 524 91 08.

12. «ИНТЕР-КАРМ» ЖШС (БСН 13064001725, БҚО, Орал қаласы, Молдағұлова көшесі, 5/2 үй) «NEFTEK Holding» ЖШС-не (БСН 131140023873 БҚО, Орал қаласы, ТЭЦ ауданы, 2/2 үй).қосылу арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды.Шағымдар мына мекенжайда қабылданады: БҚО, Орал қаласы, Молдағұлова көшесі, 5/2 үй, тел. 8 701 924 00 60.

13. «NEFTEK Holding» ЖШС (БСН 131140023873, БҚО, Орал қаласы, ТЭЦ ауданы, 2/2 үй) «ИНТЕР-КАРМ» ЖШС-не (БСН 130640017725, Орал қаласы, Молдағұлова көшесі, 5/2 үй) қосылу арқылы қайта ұйымдастыру жүзеге асырылатынын хабарлайды. Шағымдар мына мекенжайда қабылданады: БҚО, Орал қаласы, ТЭЦ ауданы, 2/2 үй.

14. «NEFTEK Operating» ЖШС (БСН 131140023803, БҚО, Орал қаласы, 4-ықшам ауданы, 35-ғимарат) «Орал мұнай-химиялық компаниясы» ЖШС-не (БСН 060240000601, Орал қаласы, ТЭЦ ауданы, 2/2 үй) қосылатынын хабарлайды. Қайта ұйымдастыру қосылу түрінде жүзеге асырылады. Шағымдар мына мекенжайда қабылданады: БҚО, Орал қаласы, 4-ықшам ауданы, 35-ғимарат.

## МҰРАГЕРЛІК

3. 9 шілде 2023 жылы қайтыс болған Дюсенов Багдат Балтабаевичтің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ғ.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5 ғимарат, тел. 8 702 233 44 99.

4. 20 ақпан 2025 жылы қайтыс болған Ербаев Торебек Курмашовичтің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ғ.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5 ғимарат, тел. 8 702 233 44 99.

5. 12 ақпан 2025 жылы қайтыс болған Мырзалиев Темірбек Тұрабайұлының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ғ.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5 ғимарат, тел. 8 702 233 44 99.

### ҰСЫНЫСТАР (ЖАРИЯ ОФЕРТА)

«Абонентский расчетный центр «Алматыгаз» ЖШС Сізге төменде келтірілген шарт негізінде Алматы қаласы мен Алматы облысының Іле мен Талғар аудандарының аумақтық бірліктерінде газ тұтыну жүйелері мен газ жабдықтарына техникалық қызмет көрсету жұмыстарын орындауды ұсынады.

Осы ұсыныс жария ұсыныс (Жария оферта) болып табылады және Сіз өтінім берген кезде және/немесе орындалған жұмыстар актісіне қол қойылған кезден бастап Сіздің тарапыңыздан қабылданған (Акцепт) болып есептеледі.

**Тұрмыстық тұтынушылардың газ тұтыну жүйелері мен газ жабдықтарына техникалық қызмет көрсету шарты**

Осы Шарт жария шарт болып табылады және Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 12 қарашадағы №117 бұйрығымен бекітілген Үлгі шартының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 387-бабының, 394-бабы 2-тармағының, 395-бабының 1 және 5-тармақтарының, 396-бабының 3-тармағының негізінде жасалады.

Бұдан әрі «Орындаушы» деп аталатын, «Абонентский расчетный центр «Алматыгаз» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі атынан Жарғы негізінде әрекет ететін Бас директор Намазбаев Е.Т. бір тараптан, және бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, газ тұтыну жүйелері мен газ жабдықтарын пайдаланатын әрекетке қабілетті жеке тұлға екінші тараптан, төмендегілер туралы осы шартты жасасты:

**1-тарау. Шарттың нысанасы**

1. Осы Шартқа сәйкес Орындаушы Тапсырыс берушінің тұрғын (тұрғын емес) үй-жайында орнатылған газ тұтыну жүйелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарын жүргізуге міндеттенеді, ол өз кезегінде, жоғарыда көрсетілген жұмыстарды қабылдауға және оған ақы төлеуге міндеттенеді.

2. Газ тұтыну жүйелеріне техникалық қызмет көрсету мыналарды қамтиды:

1) газ жабдығын орнатудың және газ құбырларын тартудың газбен жабдықтау жобасына және абонент карточкасына сәйкестігін тексеру (визуалды түрде);

2) газ құбырларына және газ жабдығына еркін қол жеткізудің бар-жоғын тексеру (визуалды түрде);

3) газ құбырларының боялу және бекітілу жай-күйін, ғимараттың сыртқы және ішкі конструкциялары арқылы газ құбырлары тартылатын жерлерде футлярлардың болуын және тұтастығын тексеру;

4) газ құбырларының және арматураның, тұрмыстық газ жабдықтарының герметикалық жалғанған жерлерін аспаптық әдіспен немесе сабынды эмулсиямен тексеру;

5) газ жабдығының тұтастығы мен жарақталуын тексеру;

6) газ құбырларында орнатылған крандардың жұмыс қабілеттілігі мен майлануын тексеру;

7) түтіндік және желдеткіш каналдардың тарту күшін, газ жабдығын түтіндік каналымен жалғастырушы құбырлардың жай-күйін, жану үшін ауа ағымының бар-жоғын тексеру;

8) тұрмыстық газ жабдығының крандарын бөлшектеу және майлау;

9) тұрмыстық газ жабдығының қауіпсіздік автоматикасының жұмыс қабілеттілігін, оның жөнделгендігін және реттелгендігін тексеру;

10) жанарғыны ластанудан тазалау, жабдықтың барлық жұмыс режимінде газдың жану процесін реттеу;

11) газ жабдығының жекелеген тораптары мен бөлшектерін ауыстыру немесе жөндеу қажеттілігін анықтау;

12) газ жанарғысының, жабдықты жандырғанға дейін және одан кейін түтін тартқыштың болуын міндетті тексеру туралы ескертетін түтіндікке жану өнімін бұратын аспаптардың қасында арнайы тақтайшалардың бар-жоғын тексеру;

13) тұтынушыларға келесі техникалық қызмет көрсету күні мен Орындаушының байланыс деректері көрсетілген жадынама бере отырып, тұрмыста газды қауіпсіз пайдалану қағидалары бойынша жыл сайынғы нұсқама беру;

14) шкафтағы реттеуіш пункттеріне, газ құбырларын тоттанудан қорғау қондырғыларына қызмет көрсету (олар болған жағдайда);

15) Тапсырыс берушіге тиесілі газ құбырларын қажеттілігіне қарай сырлау;

16) қажет болған кезде газ тұтыну жүйелерін сулы-мұзды бітелулерінен тазарту.

3. Техникалық қызмет көрсетуге жататын газ жабдығының атауы, тұрпаты мен саны осы Шартқа қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделетін абонент карточкасында көрсетіледі.

4. Үйішілік газ жабдығын жөндеу жөніндегі жұмыстар және осы Шартта көзделген жұмыстар, оның ішінде тораптар мен бөлшектерді ауыстыру тапсырыс берушінің өтінімі бойынша жүзеге асырылады.

5. Осы Шарттың 2-тармағында санамаланған жұмыстар тапсырыс берушіде техникалық регламенттер мен ұлттық және (немесе) мемлекетаралық стандарттарға сәйкес келетін, дұрыс жұмыс істейтін және түтін мен желдетпе арналары тексерістерден уақытылы өткізілген газ жабдығы болған кезде іске асырылады.

**2-тарау. Орындаушының құқықтары мен міндеттері**

6. Орындаушы:

1) Шарттың талаптарына сәйкес техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды уақытылы және сапалы орындауды қамтамасыз етуге;

2) газ тұтыну жүйелеріне техникалық қызмет көрсетуді жылына кемінде бір рет орындауға;

3) тапсырыс беруші жоспардан тыс жұмыстарды (өтінім бойынша жөндеу) жүргізу қажеттігі туралы өтініш жасаған кезде, оларды келісілген мерзімдерде орындауға;

4) Тапсырыс берушіні газ жабдығын пайдалану жөнінде бастапқы және қайта нұсқамадан өткізуге;

5) газ берушіні Тапсырыс берушіге газ беруді тоқтату қажеттілігі туралы мынадай жағдайларда хабардар етуге:

орнатылған газ жабдығын өз бетінше тасымалдау, монтаждау және бөлшектеу және қосымша газ жабдығын өз бетінше орнату, газ жабдығын мақсатынан тыс пайдалану, оларды пайдалану жөніндегі нұсқаулықтардың талаптарын бұза отырып, газ жабдығын пайдалану кезінде;

6) осы Шарттың қолданылуы тоқтатылған кезде Тапсырыс берушінің газ тұтыну жүйесі мен газ жабдығына техникалық қызмет көрсетуді тоқтату туралы газ берушіні хабардар етуге міндетті.

7. Орындаушы:

1) газ берушіні Тапсырыс берушіге газ беруді тоқтату қажеттілігі туралы мынадай жағдайларда:

аварияларды жою кезінде;

жоспарлы жөндеу жұмыстарын жүргізген кезде;

газ жабдығының, түтіндік және желдеткіш каналдарының қанағаттанарлықсыз жай-күйінде және бұзылған жағдайында, техникалық жай-күйі туралы оң қорытындымен қоса тексеру актілері болмаған кезде;

газ жабдығын өз бетінше ауыстыру, монтаждау және демонтаждау, қосымша газ жабдығын өз бетінше орнату, газ жабдығын мақсатқа сай пайдаланбау, оларды пайдалану жөніндегі нұсқаулықтардың талаптарын бұза отырып газ жабдығын пайдалану кезінде;

Тапсырыс беруші газ тұтыну жабдықтарына және газ жабдығына техникалық қызмет көрсету (жөндеу) үшін Орындаушының өкілдеріне қол жеткізуді қамтамасыз етпеген кезде, оны жазбаша ескерткеннен кейін екі ай өткен соң хабардар етуге құқылы. Бұл ретте Орындаушы жоғарыда көрсетілген негіздер бойынша газ беруді тоқтату нәтижесінде Тапсырыс берушіде пайда болған шығындар, залалдар үшін жауапты болмайды;

2) Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша қолданыстағы газ тұтыну жүйесінің жаңадан орнатылған газ жабдығын іске қосуды, жөндеуді, осы Шартпен көзделмеген жеке төлем үшін газ аспаптарының тораптары мен бөлшектерін ауыстыруды жүргізуге;

3) Тапсырыс берушінің дербес деректерін жинауға, өңдеуге және оларды үшінші тұлғаларға беруге;

4) Осы Шарттың талаптарына сәйкес газ тұтыну жүйелері мен газ жабдығына техникалық қызмет көрсеткені үшін төлемді уақытында әрі толық көлемде алуға құқылы.

**3-тарау. Тапсырыс берушінің құқықтары мен міндеттері**

8. Тапсырыс беруші:

1) газ жабдығын пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарға және тұрмыста газды қауіпсіз пайдалану талаптарына сәйкес оны пайдалануын қамтамасыз етуге;

2) газ жабдығы, түтіндік пен желдеткіш каналдары жарамсыз болған, газдың иісі шыққан кезде, газды пайдалануды жедел тоқтатуға және Орындаушы мен газ тарату ұйымының авариялық қызметіне, топтық резервуарлық қондырғы иесіне немесе газ толтыру станциясының иесіне хабарлауға, үй-жайдың өтпелі желдетілуін қамтамасыз етуге;

3) түтіндік және желдеткіш каналдарын жаппауға, тығындамауға, жапсырмауға, қоқыспен толтырмауға;

4) Орындаушының өкіліне (қызметтік куәлікті немесе жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде), газ жабдығына жөндеу қажет болған кезде – қарап тексеру үшін, ал авариялық жағдайлар кезінде – тәуліктің кез келген уақытында қол жеткізуді қамтамасыз етуге міндетті. Орындаушы техникалық қызмет көрсетуді жүргізген кезде газдандырылған объектіге газбен жабдықтау жобасының (атқарушы-техникалық құжаттаманың) көшірмесін ұсынуға;

5) қолданыстағы жабдықты және газ құбырларын, түтіндік және желдеткіш каналдарын өз бетінше газдандыру, бөлшектеу, құрылысын өзгерту және жөндеу (оның ішінде ауыстыру), қосымша газ жабдығын монтаждау жөніндегі жұмыстарды жүргізбеуге және оларды жүргізуге жол бермеуге;

6) газ жабдығының алдында және ажыратқышта (тіреуіштер) іске қосу крандарының орналасқан жерін бітемеуге;

7) газ жабдығын қауіпсіз пайдалану туралы бұзушылықтарды анықтау/жою актісіне сәйкес, орындаушы анықтаған бұзушылықтарды жоюға;

8) бес жұмыс күнінің ішінде орындаушыға техникалық қызмет көрсетілуге жататын жабдықтар санының өзгеруі туралы хабардар етуге;

9) осы Шарттың талаптарына сәйкес орындалған жұмыстар үшін төлемді төлеуге міндетті.

8-1) Тапсырыс беруші:

Жұмысты бастамас бұрын Орындаушының қолданыстағы прейскурантымен танысуға;

Орындалған жұмыстардың актісіне өзі немесе өкілдері (тұрмыстық тұтынушы – Тапсырыс берушінің тарапынан кәмелетке толған (18 жасқа толған әрекетке қабілетті тұлға) отбасы мүшелері (ата-анасы, жұбайы, бауырлары, әпке-қарындастары, балалары), тұрғын үйді жалдаушылар немесе бірге тұратын өзге де тұлғалар) қол қоюға. Орындалған жұмыстар актісінде қол қойған өкілдің Тапсырыс берушіге кім екендігі міндетті түрде көрсетіледі.

Газ жабдығын қауіпсіз пайдалану бойынша бұзушылықтарды анықтау/жою актісіне сәйкес анықталған бұзушылықтар жойылғаннан кейін, Тапсырыс беруші өз есебінен қайта техникалық қызмет көрсетуге өтінім беруге құқылы.

**4-тарау. Көрсетілетін қызметтер құны мен ақы төлеу тәртібі**

9. Техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстардың құны Орындаушының қолданыстағы прейскуранты негізінде айқындалады. Осы Шарт бойынша газ тұтыну жүйелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарға ақы төлеу тараптардың келісімі бойынша жылына бір рет Орындаушының есеп шотына аудару арқылы жүргізіледі.

10. Орындаушы орындалған жұмыстардың актісін Тапсырыс берушіге есепті айдан кейінгі айдың бесінші күніне дейін жібереді.

11. Тапсырыс беруші Орындаушы жіберген орындалған жұмыстардың актісіне алынған күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде қол қояды немесе Орындаушыға жазбаша дәлелді бас тартуды ұсынады.

12. Орындаушы Тапсырыс берушінің ескертулерін жояды.

13. Орындалған жұмыстар актісіне қол қойылған күні Орындаушы Тапсырыс берушіге орындалған жұмыстарға ақы төлеу үшін QR-код береді немесе Тапсырыс беруші орындалған жұмыстарға банктік қосымшалар арқылы ақы төлеуге мүмкіндігі болады, қажет болған жағдайда Орындаушы төлем шотын береді.

14. Тапсырыс беруші осы Шарттың 13-тармағы, қойылған шот және орындалған жұмыстардың қол қойылған актісі негізінде күнтізбелік 5 күн ішінде Орындаушының есеп шотына ақша қаражатын аудару жолымен төлем жүргізеді.

15. Төлем орындаушының шотына ақшаның түсу фактісі бойынша жасалған болып саналады.

16. Осы Шарт бойынша ақы төлеу мөлшері Тапсырыс берушіге тиесілі газ жабдығының саны немесе газ желілерінің ұзындығы өзгерген кезде өзгертілуі мүмкін. Техникалық қызмет көрсету құнын қайта есептеу кезінде орындаушы газ тұтыну жүйелері мен газ жабдықтарына техникалық қызмет көрсету шартына өзгерістер енгізеді.

**5-тарау. Тараптардың жауапкершілігі**

17. Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарын бұзған кезде Орындаушы газ тұтыну жүйесінің жұмысына жауапты болмайды және кепілдік бермейді.

18. Тапсырыс беруші техникалық қызмет көрсету жөніндегі орындалған жұмыстарға уақытылы ақы төлемеген кезде, соңғысы Орындаушының талабы бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі белгілеген қайта қаржыландырудың 1,5 еселік мөлшерлемесі көлемінде қарызды толық өтеген сәтке дейін әрбір мерзімі өткен күн үшін қарыз сомасынан өсімпұл төлеуге міндеттенеді.

19. Орындаушыға газ тұтыну жүйелеріне қолжетімділік берілмеген кезде, газ тұтыну жүйелерінің жарамды техникалық жай-күйі үшін Тапсырыс беруші жауапты болады.

20. Газ тұтыну жүйелеріне техникалық қызмет тиісті түрде көрсетілмеген кезде, Орындаушы өз есебінен қайта техникалық қызмет көрсетуді жүргізеді.

21. Осы Шарттың талаптарын тиісінше орындамаған кезде Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

**6-тарау. Шарттың жасалған күні және қолданылу мерзімі**

22. Шарт оны жасасқан сәттен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады және газ тұтыну жүйелерін пайдалану кезеңінде, ал есеп айырысулар мен қаржылық міндеттемелер бойынша – олар толық аяқталғанға дейін қолданылады.

23. Осы Шарт келесі бір немесе бірнеше іс-әрекеттер жасалған сәттен бастап жасалған болып есептеледі және күшіне енеді (оферта акцепті):

- жұмыстарды көрсетуге өтінім беру;
- орындалған жұмыстар актісіне қол қою.

Жоғарыда аталған әрекеттердің кез келгенін жасау осы Шарттың барлық талаптарын толық және сөзсіз қабылдауды білдіреді.

**7-тарау. Шартты бұзу тәртібі**

24. Шарт орындалған жұмыстар актісіне қол қойылған күннен бастап 12 (он екі) ай өткен соң, ал есеп айырысулар мен қаржылық міндеттемелер бойынша – олар толық аяқталғанға дейін бұзылды деп есептеледі.

25. Орындаушы осы Шартты шартты бұзу күніне дейін, Тапсырыс берушіні кемінде күнтізбелік 30 күн бұрын хабардар еткенде, келесі жағдайларда біржақты тәртіппен бұзуға құқылы:

- жұмыстарды орындаған күннен бастап 30 күнтізбелік күннен артық қарыз болған кезде;
- өтінімде көрсетілген, тараптармен келісілген мерзімде Тапсырыс беруші газ тұтыну жүйелері мен газ жабдықтарына техникалық қызмет көрсету үшін Орындаушының өкілдеріне 2-реттен артық қолжетімділік берілмеген кезде;

26. Газ жабдығын қауіпсіз пайдалану туралы бұзушылықтарды анықтау/жою актісіне сәйкес, Орындаушымен анықтаған газ жабдығын қауіпсіз пайдалану жөніндегі бұзушылықты жою бойынша жұмыстар уақытылы орындалмаған және/немесе орындалмаған жағдайда шарт бұзылған болып есептеледі.

27. Тапсырыс беруші Осы шартты орындалған жұмыстар үшін толық төлем бергенде және Шартты бұзу күніне Орындаушыны күнтізбелік 30 күн бұрын хабардар еткен жағдайда (қағаз немесе электрондық түрде) біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

28. Осы Шарт бұзылған кезде Шартты бұзу туралы жеке келісімге қол қою талап етілмейді.

**8-тарау. Шарттың қорытынды ережелері**

29. Осы Шарт бойынша немесе оған байланысты барлық даулар мен келіспеушіліктер Тараптар арасындағы келіссөздер жолымен шешіледі.

30. Туындаған дауларды немесе келіспеушіліктерді келіссөздер жолымен шешу мүмкін болмаған кезде олар сот тәртібінде шешілуге жатады.

31. Тараптар осы Шарт жасалған күннен бастап тараптар арасында бұрын жасалған Тұрмыстық тұтынушылардың газ тұтыну жүйелері мен газ жабдықтарына техникалық қызмет көрсету шарттары бұзылған деп танылатынын мойындайды және келіседі.

32. Тараптар арасындағы хабарламалар мен өзге де өтініштер орындалған жұмыстар актісінде және\немесе өтінімде көрсетілген нөмірлерге хабарламалар (SMS, WhatsApp, Telegram және т.б.) арқылы жіберіледі

33. Осы Шартпен реттелмейтін мәселелер бойынша тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

34. Осы Шартқа қосыла отырып, Тапсырыс беруші Орындаушыға өзінің жеке деректерін жинауға және өңдеуге келісімін беретінін және рұқсат ететінін растайды, сондай-ақ Орындаушыға осы Шартты орындау үшін қаржы мекемелеріне және үшінші тұлғаларға жеке деректерін беруіне келісім береді.

Дербес деректерді өңдеу деп дербес деректерді жинауды, сақтауды, өзгертуді, толықтыруды, пайдалануды, таратуды, иесіздендіруді, бұғаттауды және жоюды, оның ішінде осы Шартта көзделген қызметтерді көрсету процесінде дербес деректерді беруді қоса алғанда, дербес деректермен жасалған іс-әрекеттер (операциялар) түсініледі.

**9-тарау. Тараптардың деректемелері**

35. Тапсырыс беруші мен Орындаушының деректемелері Орындалған жұмыстар актісінде көрсетіледі.

Тұрмыстық тұтынушылардың
газ тұтыну жүйелеріне және газ
жабдықтарына техникалық қызмет
көрсетуге арналған шартқа қосымша

Абонент карточкасы

| Газ тұтыну жүйелерінің атауы | Саны | Түрі, маркасы, моделі |
|---|---|---|
| 2 конф. газ плитасы | | |
| 3 конф. газ плитасы | | |
| 4 конф. газ плитасы | | |
| от жанатын мойыны | | |
| Ағынды су жылытқыш (газ. колонкасы) | | |
| Сыйымды су жылытқыш | | |
| Жағып жылытатын қазандық | | |
| Газ құбыры | | |

Осымен газ тұтыну жүйелері мен жабдықтары туралы мәліметтер карточкада толық көлемде көрсетілгенін растаймын:

Тапсырыс беруші ______________/______________
Т.А.Ә.,(қолы) Датасы (күн, ай, жыл)

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

**Алматы қаласы**
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

**«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолқын көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.**

**ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz**

**«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.**

**ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.**

**«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС,** Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

**«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com**

**ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.**

**ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.**

**«Грация» ЖШС,** Атырау қаласы,Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

**«ЮрСлужба» ЖШС,** Көкшетау қ.,Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747) 8097074.

**«Версия-Пресс» ЖШС,** Павлодар қ.,Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

**Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК,** Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91,8 (701) 315-54-59.

**ЖК «Бакирова Г.»,** Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаметінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

**Михеева Ольга Станиславовна ЖК,** Қостанай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

**«Озат-1» ЖШС,** Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

**ЖК «SAPA KZ»** Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779,e-mail:zan-at@mail.ru.

**«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС** Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

**«Реклама» ЖШС,** Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

**«Компания Жете» ЖШС,** Талдықорған қ., ш/а,Молодежный 3-үй,1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66,87058147221.

**ЖК Гавриленко И.И.,** Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

**«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.**Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

**ЖК Тажибаева,** Тараз қаласы,Қойкелді көшесі 158 а,ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

**ЖК Новоселова Лилия,** Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

**ЖК «Reklam Servise»,** Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

**ЖК «Выдай»,** Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

БАЙҚАУҒА!

# Шахизаданың құпиясы

...Қызмет телефоны жылан шағып алғандай «шар» ете қалды.

– Қалалық Ішкі істер департаменті Тергеу басқармасының бастығы полковник Қайсенов тыңдап тұр...

жүр. Менттерің, неге екенін кім білсін, ден қойып іздеп те жүрген жоқ. Ол қанішердің анда-санда жасырын келіп-кетіп жүретін үйінің әдрісін де білемін. Сіздерге тек аңду қойып, тұтқындау ғана қалады. Гонорарын екеуі Шахизада арудың өтініші туралы ақылдасып отырған. Қазақтың: «Кімді ойласаң – сол келеді» деген ескілікті сөзінің дәлеліндей, есік сырттан баяу қағылды. «Кіріңіз» деген жауап айтылмай-ақ, емен есік дыбыссыз, жәйлап ашылды да, ішке кірген Шахизада емін-еркін, аяңдай басып, столға жақындады. Екеуінің жанарлары түйісіп, бірін-бірі

– Осы уақыт ішінде мен машина, көлік жүргізуші куәлігін сатып алып, жүргізуді үйрендім, газ тапаншасын сатып алдым. Мен газеттегі хабарландыру бойынша жеке детективтерді де таптым, бірақ олар қолынан ешнәрсе келмейтін берекесіз адамдар болып шықты. Тиесілі ақшасын да алды, бірақ ештеңе істемеді.

– Ал маған не істе дейсіз?

– Мен қайталаймын, өтінішімді орындаңыз. Сіз айтқан соманы қолма-қол, доллармен алақаныңызға тастай саламын.

– Мүмкін сіз онымен не істегіңіз келетінін айтып берерсіз...

– Бұл менің ісім. Сіздікі – ұлымды өлтірушіні маған әкеліп, бізді жарты сағатқа қалдыру.

– Жоқ, Мен олай істей алмаймын.

– Қорықпаңыз, мен оны сізге тірі, еш залалсыз қайтарамын. Содан кейін сіз оны менттеріңізге тапсыра аласыз.

«Әңгімеміз әрі қарай жараспайтындығы анық. Мүмкін оның жанын жаһаннамға жібермек пе? Басын жұлып алмақ па? Оны не істемек және неліктен жарты сағат? Бұл сынақ: сен екі сағат қана ұйықтайсың, келесі екі сағат бойы адамды әбден мезі қылатын осы жерүйдің темір қақпасына телміресің... Полковник Қайсенов көмекшісі Асқармен, Ахметов пен Дима Сухов екеуі төрт сағаттық циклмен осындай аңду процесін ұйымдастырған. Осы айтылған мекенжайда, сіз ойлағандай, Шахизаданың жалғыз ұлы Маратты өлтірген Станислав Хрулев пайда болуы тиіс. Бейнеті мол, теліміре аңдудың ушіні күні аяқталуға жақын, бірақ Станислав құрғыры пайда болар емес.

Бұрыңғы полиция қызметкері қожайыны болған бұл үй бұларға өте қолайлы. Ақыры, зарыға күттірген ол пайда болды-ау! Күннің түс мезгілінде ешкімнен жасырынбай, қорқып-үрікпей, өзіне бек сенімді кейіппен жетіп келді. Үйден күтпеген жерден қақпа ашылып, түрлі-түсті сабалақ шалбар мен жасыл болонья шапан киген кексе әйел шықты.

– Тамаша! – деді Диманың бойы жеңілдеп, сүйікті әжесі азық-түлік әкелуге дүкенге кетті. Енді қайтсін, аяулы, ерке немересі ашығып қалған ғой...



Арғы жақтан жігерлі, бірақ темекі шегушілерге тән қарлығыңқы әйелдің дауысымен:

– Мен бақытсыздыққа ұшырап, өзімді қоярға жер тапай жүрген бейбақ едім...

– Бізге өтінішпен келіп, болған жайдың бәрін айтып беріңіз.

Екі жақ ертең кездесуге уағдаласты.

...Таңертең ертелетіп келді. Бірден көзге түсетіндей әсерлі әйел. Азиялық па, кавказ өңдес пе, әйтеуір ұлтын айырып болмастай, дауысы әмірлі де, батыл. Баяғыдағы шахтардың әйелі сынды, мысынды басып, еркінді еріксіз билеп тұратын көрікті, ерекше жан екен. Полковник іштей: «Шахизада» деп ат қойып үлгерді.

Әйел де полковник погонындағы, пошымы палуандарға ұқсас, бойы ортадан жоғары, денесі қолтоқпақ сынды тығыршықтай, жігерлі жанарынан батылдықпен қоса, мейірімділік нышаны сезіліп тұрған офицерге сынағандай көзін тігіп, ұзақ қарап қалды. Ішкі істер саласында ұзақ жылдар қызмет істеп, адам психологиясын жетік меңгерген Қайсенов өткір, батыл да, жігерлі қалпына түсе қалды. Өйткені, өзін тап солай ұстап, пәлекет әйелдің мысын басып қоймаса – тізгіннен де, сенімнен де айырылып қалатынын анық сезді. Жоқ, енді іштей «Шахизада» атаған әйелдің жүйкесі сыр берді! Бағанағы еркіндігінен айырылып, полковниктің жанарынан көзін тайдырып әкетті. Артынша, қолындағы қымбат, мүйіз жиекті көзәйнегін шиыра ұстаған күйі қайтадан еркін, батыл кейіпке енді:

– Менің аты-жөнім Баретта Агатовна.

– Мені Абылай Әзімханұлы десеңіз болады.

Әйел оқиғаның мән-жайын тәптіштей айтып, түсіндіре бастады:

– Көзімнің ақ-қарасындай жалғыз ұлымды, биыл көктемде оған қарыздар – жолың болмағыр, мектепте бірге оқыған сыныптас жігіт өлтіріп кеткен. Қазір полициядан қашып сіз мөлшерлеген шамадан да артық төлеймін. Қобыраған сабан ақшамен емес, американдық валюта, доллармен.

– Бізге еңбек ақыны Үкімет төлейді. МҚК-де гонорар деген түсінік жоқ – деген полковниктің сөзіне әйел сенбеген пішінмен:

– Қояр талабым: менің ұлымды өлтірген қанішерді тауып, ұстап, ол екеуімізді бар-жоғы жарты сағатқа жеке қалдырасыз.

Полковник Қайсеновтің бір сәтке таңырқай қарап қалғанын байқаған ол:

– А-а, түсінемін. Заң талабын бұзудан сескеніп тұрсыз ғой…

– Ия, дұрыс түсіндіңіз. Қандай жағдайда болмасын, заң талабына бағынамын. Мен рэкетир емес, мемлекеттік органның офицерімін!

– Сіз қанша ақша сұрасаңыз да, сонша қомақты қаражатты алдыңызға ойланбастан тастай саламын. Дегенмен, ойланыңыз – деп, өзіне сенімді кейіппен, оқтай түзу аяқтарын «тық-тық» еткізіп, сәнмен, бұратыла басып кете барды.

Абылай ұзай берген шығыстың Шахизадасына ұқсаған сымбатты да, батыл, жұмбақ әйелдің соңынан тағы да таңырқай қарап қалды.

«Бар-жоғы жарты сағат арасында бұл әйел ұлын өлтіргені кезге не істемек екен» деген ой басынан кетпей, шыңылдап тұрып алды...

## Шахизаданың оралуы

Ұзақ жаз бойы күйдіріп-жандырып, шексіз үстемдігін жүргізген аптап ыстық ақыры төмендеп тынды-ау... Күндер бірте-бірте қысқарып, кешқұрым салқындауға айналды. ...Полковник Абылай Қайсенов жекеменшік «Барыс» детектив агенттігінің бастығы, сан түрлі қылмыстық істерді ашудың майталман шебері, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің доғарыстағы (отставкадағы) полковнигі Темірболат Ахметовпен сонау бала кезден дос.

Сол үрдіспен Темірболат Таирұлы Қайсеновтің қызмет бөлмесіне келіп, арбаған жыландай, үнсіз отырып қалды. Әркім өз ойымен әлек болып үнсіз сөйлесіп тұр:

– Шахаризада бикеш, сіз мені ақшаға сатып та, алдап-арбап та, қорқытып та, менің еркімнен тыс ешнәрсе істете алмайсыз. Бірақ, мен үшін сіз қызығарлық та, құпия нысансыз...

Әйелдің ойы: «Полковник мырза, сіз кім, қандай болсаңыз да, сындырып, өзімнің айтқаныма қайтіп көндіре алар екенмін...?» деп бір сәт іштей арбасқандай болды.

– Баретта Агатовна, танысып қойыңыз. Менің бала кезден досым, ҰҚК-нің доғарыстағы полковнигі Темірболат Ахметов. Біз жаңа ғана сіз туралы әңгімелесіп отыр едік, жасыңыз ұзақ болады екен.

– Темірболат Таирұлы деген алматылық қазақпын.

– Баретта Агатовна. – Әйел ұзын, салалы саусақтарының тырнақтары өрттей қызыл лакпен боялған қолын ұсынды.

Дегенмен, пәлекет әйел полковник Қайсеновтің алдын орап, тізгінді өз қолына алып үлгерді.

– Сонымен, Абылай Әзімханұлы, сау-сәлеметсіз бе? Ашусыз, жәймен болғанымен, анық та, нық, талап ету мәнерімен айтты.

«Иә, бұл мені өз дегеніне көндіріп, илеп алу үшін, барлап, тамырымды басу мақсатындағы спорттық қулық әдістерінің бірі ғой, көпті басынан өткеріп, «жыланның аяғын көрген» айлакер пәлекеттің» деп ойлаған Қайсеновтің ойын әйелдің:

– Ойланып, бір шешімге келдіңіз бе, полковник мырза? – деген сұрағы бөліп жіберді.

– Сіздегі мәселе сол бұрынғыша – ұлыңызды өлтірушімен жарты сағатқа жеке қалдыру ғой? (әйтсе де, ол онымен жарты сағат ішінде не істемек екен, ә?)

– Иә, мәселе бұрынғыша қалады.

– Бірақ біздің кездесуден кейінгі өткен уақыт ішінде сіз басқа орындаушыны табуыңызға болатын еді ғой. Тіпті, газ құтысын сатып алып, жәбірлеушімен оп-оңай есеп айырысуға мүмкіндік болды ғой…

сұрақтар маған ешқашан тыныштық бермейтін шығар, тегі».

– Баретта Агатовна! Менің орынбасарым бар, бұрынғы сыртқы бақылау қызметінің мықты маманы. Мен онымен кеңесейін. Одан кейін осы полковник Ахметов төртеуміз кездесіп сөйлесейік, мүмкін бірдеңе ойлап тауып, бір ортақ шешімге келерміз. Айтпақшы, сіз оны неліктен осы уақытқа дейін полиция органдарына ресми түрде хабарламадыңыз?

– Абылай Әзімханұлы, сіз аяқ астынан аңқау бола қалғаныңыз қалай? Біріншіден, егер олар қаласа, оны әлдеқашан ұстап әкетер еді. Өйткені, ол жасырынып та жүрген жоқ. Екіншіден, ол маған жарты сағатқа ғана қажет.

– Неге? Сіз онымен не істейсіз?

– Ол менің шаруам. Мені тергей бермесеңізші, өтінемін.

Полковник Қайсенов ойланып қалды: «Енді қалай? Неге солай болмасқа? Ол жазықсыз адамның қанын төгіп, жанын қиған баскесер қылмыскер ғой... Бірақ ол сол жарты сағат ішінде онымен не істегісі келеді екен?»

– Баретта Агатовна, (Құдайға шүкір, абиыр болғанда, оның есімсойы қалай аталатыны есіне түсті) біз сіздің ұсынысыңызды қабылдадық делік. Бізді қандай да бір заңсыздық, қылмыстық оқиғаға тартпайтындығыңызға кепілдік қайда?

– Құдай-ау, Абылай Әімханұлы, сіз адамдар туралы неге жаман ойлайсыз? Мен сізге жөні түзу, ұяты бар адамның уәдесін беремін. Екіншіден, полковник мырза, сіздің алдыңызда әйел адам тұрғанын есіңізден шығармаңыз…

...

– Иә, иә, әрине. Бірақ, менің де сізге қояр шартым бар. «Бізге еңбекақыны Үкімет төлейді» деп, өткен жолы сізге айтқанмын. Сондықтан, сіз бізге беруге тиісті ақшаны Алматыдағы «Балалар үйіне» аударасыз.

– Мақұл, айтсаңыз болды, қатырамыз...

## Аңду

Ох, уақыт дегенің қаншалықты баяу сырғып өтіп жатыр! Бұл қандай

– Сақтық үшін оның соңынан білдірмей еріп отыр, Дима.

– Не, ол кемпірдің соңынан ұзақ уақыт салпақтап ерем бе?

– Жоқ, оның барар бағытын анықта да, шапшаң кері қайт. Біз бұл своночтың тағы бір жаққа қашып жоғалғанын күтіп тұрмаймыз ғой – деген полковник Қайсенов сөзін әрі жалғады.

– Бір жақсысы, біз бұл үйді үш күннен бері бақылап отырмыз. Мұнда кемпірден басқа ешкім болмағанын білеміз.

Аңдушылар Станиславты қалай ұстайтынын аз-кем жоспарлап, Ахметов іске кірісті. Ол Бахус әуесқойларының қалтақтаған жүрісімен қақпаға кіріп, оны ашық қалдырды. Кіреберістің баспалдақтарымен көтеріліп, есікті итеріп жіберіп ашты. Бәрінің қуанышына орай, есік ашылысымен отставкадағы барлау полковнигі қараңғыға кіріп кетті. Бір сәтте:

– Сен не, жігітім, мен қалқақтап көршімнен қарызға ақша сұрауға кірдім. Бәлкім, оның тыққан-мыққан бөтелкесінде маған «похмель» жасайтын бірдеңе қалған шығар…

– Не, түсінбей тұрсың ба? Мен кімге айтып тұрмын, бұл жерден жақсылықпен көзіңді жоғалт…

Есіктің сырт жағынан қатты итерілген екпінімен актер табалдырық үстінде тұрып қалды. Ашуға булыққан жас қаскүнем серпу күшін есептемегендіктен инерция бойынша шақырылмаған қонақпен бірге кіреберіске ытқып шықты. Сол мезетте оны ұстауға әзір тұрған «Барыс» агенттігінің қырандары бас салып, екі қолына кісен салып үлгерді. Полковник Ахметов көлігін тікелей қақпаға таяп, магистралын (жүк салғышын) ашты. Не болып, не қойып жатқанын түсініп үлгермеген жас заң бұзушы ернінің таспамен жапсырылғанын ауырсына сезді. Іле-шала ол машинаның ашық тұрған жүк салғышына тасталып, артынша «сарт» етіп жабылып қалды.

**Ғабдулсабит ЮСУПОВ**

*(Жалғасы бар)*

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
**Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

**Меншік иесі:**
**«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»**
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

**МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:**

| | |
|---|---|
| **Астана** | Айша Құрманғали 8 707 851 91 13. |
| **Алматы облысы** | Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84. |
| **Ақтөбе облысы** | Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83. |
| **Атырау облысы** | Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80. |
| **Маңғыстау облысы** | Жазира Әбіл 8 702 514 54 44. |
| **Қызылорда облысы** | Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86. |
| **Түркістан облысы** | Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665 |
| **Батыс Қазақстан облысы** | Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70. |

**РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:**

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

**E-mail: zanreklamaastana@mail.ru**

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
**Жеке таралым 5719 дана**
**Апталық таралым 11438 дана**

Тапсырыс №110 Индекс 65921

**Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады**

**Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.**

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талаптілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31